

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Н.Иманбетов

ФУТБОЛДАН ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу-әдістемелік құралы

Қарағанды

2015

3

ӘОЖ 796.332 (075.8)

КБЖ 75.578я73

И48

А.Н.Иманбетов

Футболдан жарысты ұйымдастыру: Оқу-әдістемелік
кұралы

Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015.-123 бет.

Оқу-әдістемелік құралында мектептерде, жоғары оқу орындарында футболдан жарысты ұйымдастыру мен ондағы әдістемелік нұсқаулар қарастырылған.

Жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт факультеттерінде 5В010800 –«Дене шынықтыру және спорт » , 5В010400 «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтарында оқитын студенттерге, оқытушыларға арналған.

ISBN 978-601-204-273-3 ӘОЖ 796.332 (075.8)

КБЖ 75.578я73

Пікір білдірушілер

Ж.Божиг Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ ДМІ мен Әжәне СМ кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к.

А.А.Ахметов ҚарМТУ-нің дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі м.ғ.к.

С.К.Жүніспеков, Қарағанды обылысының дене тәрбиесі және спорт департаментінің ғылыми бөлім қызметкері проф. п.ғ.к.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Футбол ойыны дамуының қысқаша тарихы.....	6
1.1. Ойынның пайда болуы және оның таралуы.....	6
1.2. Еліміздегі футболдың дамуы.....	8
2. Жарысты ұйымдастыру және өткізу.....	11
2.1. Футболдың даму барысы мен ойын ережесінің өсу сатылары.....	11
2.2. Ойынның негізгі ережелері.....	12
2.3. Жарыс түрлері және оларды өткізу тәсілдері.....	13
2.4 Жарысқа дайындық.....	21
3.Ойын.....	25
3.1. Ойынға анықтама беру.....	25
3.2. Алаң және сызықтардың көлемі.....	26
3.3.Доп.....	32
4. Ойыншылар саны және ойыншылардың спорттық киімдермен жабдыкталуы.....	34
4.1 Ойыншылар саны	34
4.2 Ойыншылардың киім-кешекпен жабдыкталуы	36
5. Төрешілер атқаратын қызметтер.....	42
5.1 Алаңдағы төреші.....	42
5.2. Қапталдағы төрешілер.....	47
5.3. Ойын ұзақтығы	48
5.4. Ойынның басталуы	50
6. Ойындағы доп	53
6.1. Доп ойында және ойында емес.....	53
6.2. Ойын нәтижесі.....	53
6.3. Ойыннан тыс.....	55
7. Ережелерді бұзу.....	58
7.1. Ойыншылардың тәртіпсіз қылығы.....	58
7.2. Айып және еркін соққылар	64
7.3. 11-метрлік соққы	67
7.4. Допты лақтырып ойынға қосу.....	70
8. Соққылар.....	73
8.1. Қақпадан жасалатын соққылар.....	73
8.2. Бұрыштама соққысы.....	75

8.3. 11-метрлік белгіден соққылар сериясы көмегімен жеңімпаздарды анықтау жөніндегі ФИФА нұқсаулары.....	76
8.4. Түзетілетін қателер	78
9. Төрешілердің қимылдары.....	81
9.1. Төрешілердің қимылдары.....	81
9.2 Хаттама.....	83
9.3. Наразылық білдіру іс-шаралары.....	84
9.4 Командаларды топтастыру.....	86
10 Спорт ойындарының теориялық және әдістемелік негіздері.....	90
10.1 Футболдың адамағзасына әсері.....	90
10.2 Футбол ойынының адам өміріндегі алатын орны... ..	92
10.3 Үйрету әдістері	95
10.4 Үйрету мен жаттығудың мазмұны	100
Қорытынды.....	113
Пайдаланған әдебиеттер.....	114
Қосымшалар.....	116

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас

ұрпақты салаутты рухта тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттер, бүгінде жас ұрпақты деншынықтырумен айналысуға шақыруы жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Бұл бағыттағы күрделі тәрбие үдерісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуін талап етеді.

Жастарды салауатты өмір салтына шақыруда тәрбиенің құрамдас бөлігі және біздің анықтауымызша жастардың отанға деген сезімін қалыптастыруға бағыттталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық-педагогикалық үдеріс болып табылады.

Спорттағы жетістіктер, ерлік патриотизмнің ең жоғары әлеуметтік белсенділігі тұрғысында жеке тұлғаның мінез-құлқы мен санасында нақты сапалық көріністерді білдіреді.

Әлемдегі дамыған елдер қатарына теңесу тікелей өз отанын сүйетін, отаншыл ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты болатынын ескерсек, өскелең ұрпақты тек рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде, тәрбиелеу бүгінгі мемлекетіміздің басты ұстанымы болып отыр.

Сондықтан, біз басқа өркениетке ұмтылған елдер секілді өскелең ұрпақты салаутты өмір салтын ұстанып денешынықтырумен күнделікті шұғылдануға талпынуымыз қажет екенін ескерсек,

барлық оқу орындарында, оның ішінде арнайы мамандандырылған спорт мектептеріндегі спорттық жаттығуларда, әйелдер футболы спорттық ойыны түрлерінде бұл мәселелерде ғылыми педагогикалық тұрғыда арнайы зерттеудің қажет екендігі анықталды.

Алдағы уақытта Қазақстанды әлемге мойындататын нағыз шынайы қазақстандық рухы бар, отаншыл жастар ғана таныта алады.

Жалпы қай қоғам болмасын сол қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеуге тырысқан. Біз қозғағалы отырған әйелдер футболы қазақстанда кенже қалып қойған спорт түрінің бірі.

Әйелдер болашақ жас ұрпақты өмірге келтіретін ана десек, қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесінде өзекті мәселе болған.

Республикамызда футбол мектебі мардымсыз жұмыс жүргізіуде деген сауал туатыны белгілі, осы тұрғыда әйелдер футболы осы мардымсыз дамыған спорттың бірі болып қалуда. Біздің таңдап алып отырған мәселе осы жағдайлардан туындап отыр.

Әйелдер футболы көрші Ресей мемлекетінде де даму үстінде. Сондықтанда оқу-жаттығуларына арналған әдістемелік құралдар аздық етіп отыр.

Шет елдік зерттеушілер ғылыми еңбектерге шолу жасау барысында түйгеніміз, болашақ спортшылар дайындайтын арнайы спорт мектептерінде немесе еліміздің намысын қорғап жүрген футбол мектептеріне қатысты мәселе арнайы ғылыми-

зерттеу жұмысы ретінде қарастырылмаған және де бұлар туралы мұрағат құжаттары, озық тәжірибелер тарихи-педагогикалық тұрғыда толық қанды зерделенбеген.

Бұл айтылғандардан әйелдер футболының дамуына ат салысып, жеткілікті дәрежеде назар аударылмайтындығы арасында және арнайы спорт мектептеріндегі әйелдер футболы арқылы болашақ спортшылармен жұмыс барысында оларға футбол ойынының дамуы бағытында тәрбие жүргізуге мүмкіндіктің молдығы мен бұл бағытта арнайы теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеудің болмауының бар екендігі айқындалды.

Елімізде дене шынықтырумен спортты дамытуға байланысты бағдарламалар қабылдануда оның бірі Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спорты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы. Сонымен қатар «2012-2022» жылдарға арналған балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту бағдарламасы жұмыс жасап жатыр[1,2].

Осы бағдарлама аясында еліміздің 11 қаласында футбол орталықтары жұмыс жасауда. Мұның барлығы Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт заңының аясында жұмыс жасап жатыр.

1 Қазақстандағы әйелдер футболының даму тарихы мен перспективасы

1.1 Әлемдегі әйелдер футболының даму кезеңдері

XIX-ғасырда ең болмағанда әйелдердің бір футбол командасы болғандығы анық. Әрине ол

футбол командасы Англияда пайда болды. Тек ерлердің ғана емес, әйелдердің де футболы ресми осы мемлекетте пайда болғанды деп саналады.

Құжаттарда көрсетілгендей, 1895-жылы «Бритиш Леди Футбол Клуб» атты әйелдер футбол клубы құрылды. Сол жылдың наурыз айынан бастап әйелдер футбол клубтары арасында ресми жарыстар өткізіле бастады және олар оңтүстік, солтүстікке бөлініп сайысқа түсті. Солтүстік алғашқы ойында 7:1 есебімен ұтты және сол уақыттың есебі бойынша едәуір көрермендерді жинады.

Дүниежүзілік соғыс әйелдер футболының дамуына біршама кедергілер келтірді. Соғыс жылдарында тұманды Альбионда әйелдер футболы жаппай қарқын ала бастады.

1915-16-жылдары көптеген жасөспірім қыздар (14-15 жастағы) өз үйлерін тастап, әскери зауыттарда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Өздеріне таныс емес тылсым өмірге түскен жас қыздар еркектердің атқаратын қызметтерін атқарып, енді қалыптасып келе жатқан психологияларына аталған ауырлықтар теріс әсер етті.

Әскери өндірістің министрлігі осы категорияға жататын қыздарға арнап денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімін құрды және сауық құру түрлерінің ішінде, әйелдер футболының би мен жүзуден кейін үшінші орынға орналасуы керемет, тосын жағдай болды. Тылда қызмет етушілердің арасында футбол ойынын сүйіп

ойнайтын қатары күн санап артып, жасыл алаңдарда доп қуалаған қыздар саны көбейе берді.

Алғашқыда «бөлім-бөлімдердің» арасында өткізіле бастаған турнирлер, аздаған уақыт ішінде қалалар арасында ұйымдастырыла бастады. Ал олардың матчтық кездесулері кәсіби дивизиондардың ареналарында өткізілді.

Әйелдер футболы сол уақыттың өзінде-ақ кәсіби спортқа айналуға мүмкіндігі болды. Алайда сол уақытта сатылған билеттердің ақшасы соғыстан жапа шеккендерге жұмсалды. 1917-жылы Престон қаласының «Норт Энд» стадионында Рождествода өткен ойынға он мыңнан аса жанкүйер жиылып, кассаға түскен 600 фунт стерлинг сол уақыттың есебі бойынша рекордтық сома болып саналды[3,4].

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң еуропалық қыздар футбол алаңдарынан қайтадан қуыла бастады. 1912-жылдың желтоқсан айына дейін ағылшындардың футбол ассоциациясы еркектер ойнайтын стадиондарда әйелдердің футбол ойнауларына тиым салды және сол уақытта орын алған мұндай «шектеушілік» тек өкініш тудырады.

Сол жылдың сәуір айында бикештер арасында алғашқы халықаралық турнир ұйымдастырылды. Британдық «Дик Керр Лэдис» командасы өздеріне француздық «Фемина» командасын кездесуге шақырды. Бұл ойын 2:0 есебімен алаң қожайындарының пайдасына шешілді. «Фемина» командасын құрған мадам Мия Еуропада әйелдер

спорт дамытушылардың алғашқыларының бірі болып саналады.

Ал «Дик Керр Лэдис» командасы зауыт әйелдерінің командасынан пайда болған команда болып саналады. Ол команда Престон қаласында болды және өзінің ойындарына мыңдаған жанкүйерлерді жинай алды. Оған дәлел ретінде «Сент-Хелен-Лэдис» командасымен болған кездесуге 53 мың адамның келгенін айтса жеткілікті болады.

1921-жылдың 30-қаңтарында ағылшындардың футбол шенеуніктері әйелдер футболын үлкен спортқа жібермеуде тағы бір қадам жасады. Англияның футбол ассоциациясы арнайы шешім шығарып, «футболдың әйелдерге арналған спорт емес екендігін» жариялады және клубтарға әйелдердің алаңға жіберуге тиым салды.

1921-жылы қабылданған шешім Англияның ассоциациясының көптеген шектеулерінің бірі ғана болатын. Әйелдер футболына көптеген жылдар бойы ФИФА-ның да көзқарасы сондай болды. Аталған барлық шектеулер тек 1969-жылы ғана алынып тасталды.

Дегенмен, еуропалық әйелдер осы спорт түріне өздерінің қызығушылықтарын ешқашанда ұмытпады.

1928 жылы Бельгия мен Францияның әйелдер командалары арасында өткен халықаралық турнир аса қызығушылық тудырды. Ол кездесуді белгиялық

қыздар 2:0 есебімен ұтты. Әйелдер футболына деген көзқарасы тек демократикалық бағытты таңдаған елдерде дамығанан кейін өзгере бастады.

Әйелдер футболының тарихында 1966 жылы Англияда өткен алғашқы бейресми чемпионаттың алатын орны бөлек. Сол уақыттан бастап бірқатар елдерде (Англия, Франция, Италия, Чехословакия) әйелдер командалары құрылып, ұлттық чемпионаттар өткізіле бастады. Ұзақ уақыттық үзілістен кейін, 1969 жылы халықаралық матч өтті (Италиялық қыздар, Даниялық қыздарды 3:1 есебімен ұтты) және Әйелдер футболының еуропалық халықаралық федерациясы құрылды.

1970 жылы Мексикада Италияндық «Мартини и Росси» атты вино сататын концерні демеушілік көрсетіп, әлем чемпионаты деген атақ берілген үлкен турнир өткізілді.

Сол турнир бір жылдан кейін Мексикада қайтадан өткізілді. 70-жылдардың басында Италияда әйелдер футболының кәсіби лигасы құрылды. Көптеген әйелдер футбол өміріне белсене араласты.

Мәселен, Бразилияда матчқа төрелік етуге алғашқы рет радио шолушы Леа Кампом жіберілді. Ол қыз Мексика, Гватемала, Франция, Италия, Испания, Португалия елдерінде өткен матчтарға төрелік етті.

Атақты португалиялық аяқдоп шебері Эйсебионың айтқан мынадай сөзі бар: «Бұл әйел футболды керемет түсінеді».

Дербишир графтығының футбол ассоциациясы әйелдер футболын еркектер төрелік ете алмайды, өйткені алаңдағы жағдай өте ширекқан жағдайда өтеді деген тұжырымға келді. Футбол төрешілерінің қоғамдасытығының мүшелері әйелдер футболына төрелік етуден бас тартты. Олар әйелдермен «келіссөз» жүргізу мүмкін емес және айып добын тағайындағанда мазак етеді, ал қақпаға 11 метрлік пенальти тағайындасаң тіпті жылап жібереді деп баяндады.

Төрешілер қоғамдастығының хатшысы Ф.Харвуд ойын кезіндегі әйелдердің сөз қорының лексиконы, еркетерден өзгеше емес екендігін атап өтті.

42 жасар ағылшындық Мэри Уайт атты бикеш футбол қазысы дәрежесін алу үшін тапсырған емтиханында «футбол алаңындағы 22 еркекпен салыстырғанда, менің үйдегі күйеуім көбірек мазамды алады», деп жауап берді. Осы секілді жағдайларды саралай келіп, ФИФА басшылығы өздерінің бұрынғы көзқарастарына күмәнмен қарай бастады.

Мэри Уайт ұлттық федерациялар арасында «әйелдер футболын ресми мойындауға болады ма?» деген сұраунама жүргізді. Көптеген федерациялар бұл көзқарасқа теріс қарап, ФИФА «артын күте тұру» қалпында болды. Дегенмен, әйелдер футболы қарқынды дами берді. Әсіресе скандинав елдерінде және Германияда белсенді дамыды[5,6,7,8].

80-жылдардың бірінші жартысында әйелдер футболын ресми мойындау туралы ұйғарымдар көбейе бастады. Ал 1986 жылы ФИФА әйелдер футболының комитетін құрғаннан кейін, әйелдер футболына деген көзқарас мүлдем өзгерді.

Дегенмен біраз уақытқа дейін ол комитетте жалғыз әйел қызмет етті. ФИФА-ның ұйымдастыруымен 1987 жылы Қытайда алғашқы ресми турнир өткізілді.

Түрлі құрлықтардан жиналған 12 команда 3 топқа бөлініп, сайысқа түсті. Үздік деген сегіз команда ширек финалға жолдама алып, Қытай – Австралияны (7:1), Швеция – Канаданы (1:0), Бразилия – Голландияны (2:1), Норвегия – АҚШ-ты (1:0) ұтты. Ал ақтық сайыста Норвегия командасы Швецияны 1:0 есебімен ұтты.

Көптеген тәжірибелік турнирлерден кейін, 1991 жылы Қытайда алғашқы ресми әлем чемпионаты өткізілді. Ал Еуропа чемпионаты 1984-жылы бастау алды және алғашқы Еуропа чемпионаты Швецияда өткізілді.

Міне осылайша, әйелдер футболы өткен ғасырдың 90-жылдарына жетті. Ал оған дейін еуропа құрамалары УЕФА мойындаған құрлықтың 4 чемпионатын өткізіп үлгерген болатын. Ал қазақстанда әйелдер футболы енді ғана қолға алына бастады.

Қазіргі уақытта түрлі кедергілерден өткен әйелдер футболы өзінің өміршеңдігін, қажеттілігін

дәлелдеді және 1996-жылдан бастап олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілді.

Әйелдер футболы түрлі әлеуметтік (мәселенки, футбол әйелдерге лайық спорт емес деген), дәрігерлер(олардың денсаулығына зиян) және спорттық (еркектермен салыстырғанда, әйелдердің футбол ойыны тартысыты өтпейді деген) көзқарастарға байланысты 1970 жылдарға дейін футбол негізінен ерлердің спорты болып саналды (дегенмен тарихи құжаттарда әйелдердің де футбол ойнағандары жөнінде ақпараттар көптеп кездеседі.

17 ғасырдың басында шотландияда тұрмыс құрған әйелдер мен тұрмысқа шықпаған қыздар арасында матч өтті). Алайда, әйелдердің «аяқ добы» идеясы тарих үшін таңсық емес. Ондай спорттың түрінің болғандығын, шамамен алғанда осыдан 2000 жыл бұрын Қытайда пайда болған фрески ойыны дәлелдейді.

Кейінірек сол мемлекетте әйелдердің футбол ойынына қатаң түрде тиым салынып, ондай ойын ойнаған әйелдер жазаға тартылды. Орта ғасырлардағы Қытай басшыларының көзқарастарын қолдайтындар Англия, Германия, Голландия секілді елдердің футбол ұлттық ассоциацияларының қатарынан табылып, әйелдердің футболы заң жүзінде рұқсат етілмейтін болды.

Дегенмен, ол уақыт өте келе көптеген елдерде қолдау тауып, Норвегия, Швеция, Италия, Германия

және АҚШ секілді мемлекеттерде қарқынды дами бастады.

Швед әйелдерінің құрамасы алғашқы Еуропа чемпионатын 1984 жылы ұтып алды. Бірақ қазіргі уақытта Еуропада Германия ұлттық құрамасы басымдылықта. Олар Еуропаның бес дүркін чемпиондары және соңғы атақтарын 2001 жылы өз жерлерінде жеңіп алды.

1988 жылы Қытайда әлемдік деңгейдегі алғашқы халықаралық турнир «сынақ» түрінде өткізілді. Ол сынақ сәтті болып, араға төрт жыл салып әйелдер арасында алғашқы ресми әлем чемпионаты өткізілді және ол чемпионатқа 12 құрама команда қатысты. Ол чемпионатқа әйелдер тек футбол ойнаудан ғана алғашқы рет шыққан жоқ, сонымен бірге төрелік етуге де алаңға алғаш рет әйелдер шықты.

Үшінші орынға берілетін жүлдеге Швеция мен Германия құрамалары таласты және ойында Клаудиа де Васконелос (Бразилия) қазылық етті. Әйелдер арасында өткен алғаш чемпионаттың жеңімпазы АҚШ құрамасы болып табылды. Олар ақтық сайыста Нигерия құрамасын 2:1 есебімен тізе бүктірді.

1995-жылғы чемпионатты Швеция қабылдады. Бұл жолы Германия құрамасын 2:0 есебімен ұтқан Норвегия қыздары жеңіс төрінен орын алды.

Чемпионатта Еуропа құрамалының мәртебесі, ойын өрнегі басымдылықта болғанымен, алғашқы жылдағыдай талассыз емес еді.

Оны Америкада өткен келесі чемпионат дәлелдеді. Чемпионатқа 16 команда қатысып, ақтық сайысқа АҚШ пен Қытай құрамалары жолдама алды. Алаң иелері матчтан кейінгі пенальти арқылы жеңіске жетті. Есеп: 5:4.

Ал жалпы әйелдердің футболы туралы айтар болсақ, 1999 жылғы чемпионаттан кейін мүлдем басқа деңгейге көтерілді.

1996-жылы әйелдер футболы алғаш рет Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілді (жарысқа 16-дан асқан футболшы қыздар қатыса алады). Атлантада өткен турнирде 8 құрама өнер көрсетті.

Алтын медальді ақтық сайыста Қытай командасын 2:1 есебімен ұтқан АҚШ құрамасы жеңіп алды. Араға төрт жыл салып, Сиднейде өткен ойындарда АҚШ қыздары тағыда ақтық сайысқа жолдама алып, алайда Норвегия құрамасынан 2:3 есебімен ұтылып қалды. Норвегиялықтар қосымша уақытта «алтын доп» соғып жеңімпаз атанды.

2002-жылы Канадада жасы 19 толмаған қыздар арасында алғашқы әлем чемпионаты өтті. Оған 12 құрама команда қатысты. Финалда турнир иелері АҚШ командасына жол берді.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта футбол әйелдер арасында жер бетіндегі ең командалық спорт түрі болып саналады. Әлемде әйелдер футболымен 20 миллионнан аса әйел шұғылданады.

Олардың 80 пайызын 20 толмаған қыздар кұрайды. Қазіргі таңда әйелдер футболының көшбасшылары - АҚШ, Қытай, Германия, Швеция, Бразилия болып саналады. Бірқатар елдерде әйелдер футболының кәсіби лигасы кұрылған. Ол лиганы өз «жұлдыздары» бар. Олардың бірі екі рет ФИФА-ның жыл футболшысы болып саналған –американдык Миа Хэмм. Біздің көршіміз Ресейдің әйелдер футболы 1992 жылы кұрылғанған болатын. Әйелдер футболының ассоциациясы (ӘФА) түрлі жастар аралығында бүкілресейлік және аймақтык жарыстар өткізеді. Ресейдің алғашқы чемпионы «Интеррос» (Мәскеу) болып табылады. Біріншілікті 4 рет ЦСК ВВС (Самара) және «Энергия», екі рет ВДВ (қазіргі уақыттағы атауы «Рязань-ТНК») спортшылары ұтып алды. Ресейдің кұрама командасы 1990 жылы кұрылды. 1999-жылы ресейлік қыздар алғаш рет әлем чемпионатына катысып, 5-орын алды. 2001-жылғы Германияда өткен Еуропа чемпионатында олар 5-6 орындарға табан тіреді.

1-кесте. Әйелдер кұрамалары арасындағы Әлем біріншілігі және Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жұлдегерлері

Жыл дар	Жарыс өткізілген мемлекет	Әлем чемпио наты немесе Олимп иада	Жұлдегерлер

		ойында ры			
			1-орын	2-орын	3-орын
1991	Қытай	ӘЧ	АҚШ	Норвегия	Швеция
1995	Швеция	ӘЧ	Норвегия	ГФР	АҚШ
1996	АҚШ	ОО	АҚШ	Қытай	Норвегия
1999	АҚШ	ӘЧ	АҚШ	Қытай	Бразилия
2000	Австралия	ОО	Норвегия	АҚШ	ГФР
2003	АҚШ	ӘЧ	Германия	Швеция	АҚШ
2004	Греция	ОО	АҚШ	Бразилия	Германия
2007	Қытай	ӘЧ	Германия	Бразилия	АҚШ
2008	Қытай	ОО	АҚШ	Бразилия	Германия
2011	Германия	ӘЧ	Жапония	АҚШ	Швеция
2012	Англия	ОО	АҚШ	Жапония	Канада
2015	Канада	ӘЧ			

Әйелдердің ойындарын соншалықты ұтымды емес және ойында кім жеңімпаз болатыны алдын-ала белгілі деп санайды. Олардың ойындарына онша мән берілмейді. Әлем чемпионаты болсын, Еуропа чемпионаты болсын теледидардан көп көрсетілмейді және жалақылары еркектермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Тіпті өзінің алып отырған лауазымына байланысты әлемде әйелдер футболын дамытуға ықпал ету керек екендігіне қарамастан,

FIFA-ның президенті Йозеф Блаттердің өзі күмәнмен қарайды.

Оның «Қыздардың шортыларын қысқартып, оларды денесіне жабысып тұратын ету керек. Сонда әйелдердің футболы әлдеқайда тартымды болады», - деген сөзі бар.

Оған Норвегия құрамасының ойыншысы Лисе Клавенестің «Егер Блаттер мырзаға ішкііммен жүрген қыздарға қарағысы келсе өзіне эротикалық журнал сатып алсын. Ал біздің спортымыз салиқалы ойын», - ойланбастан жауап қайтарған және оның айтқаны айнымас шындық еді.

Қазіргі заманғы әйелдер футболын жан-жақты толық зерттеген футбол мамандары, қазіргі таңда бұл спорт түрінің өте қарқынды дамуда екендігін шынайы дәлелдеп отыр.

Әйелдер футболының қай уақытта пайда болғаны жөнінде пікірлер көптеп табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Қытайдың әсем қыздарының осыдан екі мың жыл бұрын доп ойнағандары белгілі.

Алғашқы тарихи әйелдердің футбол клубы XIX-ғасырдың соңына қарай Англияда құрылды. British Ladies Football Club матчтық кездесулерін көруге көрермендер көптеп жиналды. Дегенмен, сол кезде өзінде де Тұманды Альбиондағы әйелдер футболына көптеген адамдар күмәнмен қарады.

1912 жылы ерлер командасы ойнайтын стадионда қыздардың футбол ойнауларына ресми түрде тиым салынды.

Еркектерге қарағанда, доп қуатын әйелдердің денсаулығына түрлі қауіптер төнеді. Дәрігерлер ерлермен салыстырғанда, әйелдердің тізе сіңірлерінің 3-4 есе көп созылатындығын дәлелдейді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әйелдер футболына деген көзқарас жылдам өзгерді. Соғысқа кеткен еркектер, армияның жеңісі үшін талмай еңбек еткен өздерінің әйелдері, қарындастары мен қыздарының көңілін сергіту үшін футбол ойнауларына тиым сала алмады. Соғыстан кейінгі жылдары футбол қарқынды дами бастады.

Тіпті 1917 жылы Престонға әйелдердің футболын тамашалауға 10 көрермен жиналды. Ал алғашқы халықаралық сайыс 1920 жылы өткізілді. Француздардың Femina атты командасы ағылшындардың Dick, Kerr's Ladies командасынан ұтылып қалды. Ал сол уақыттарда британдық клубтардың бірінің ойынын көруге 50 мыңнан аса жанкүйерлердің келгендігі жөнінде ақпараттар бар.

Бірақ 1921 жылы Англияда әйелдердің футбол ойнауына қайтадан тиым салынып, бұл спорт түрі әйелдерге жат нәрсе деп саналды және бұл жағдай 40 жылға дейін созылды.

Әйелдер футболының қайта өрлеуі 1966-жылдар еді. Сол жылдары Англияда бейресми әлем чемпионаты өткізілді. Содан кейін Еуропаның көптеген елдерінде әйелдердің футбол федерациялары құрыла бастады. Ал үш жылдан

кейін Еуропаның халықаралық федерациясы құрылды.

1970 жылы Martini & Rossi компаниясының демеушілік көмегінің арқасында әлем чемпионаты деп аталған халықаралық турнир ұйымдастырылғандығын жоғарыда айтып өткен едік.

Алайда бұл турнирді FIFA мойындамаған болатын. Дегенмен Италияда бірнеше жылдан кейін кәсіптік дәрежесі бар әйелдер лигасы құрылды. Осындай жан-жақты жүргізілген қажырлы еңбектің арқасында Германия, Норвегия, Швеция және АҚШ секілді мемлекеттерде әйелдер футболы қарқынды дами бастады.

Ағылшындардың Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін ермек ретінде қараған футбол ойынын Ресей қыздары да ойнап көруге тырысты.

1911 жылы Мәскеуде бір сәтте әйелдердің үш командасы пайда болды: «Пушкино», «Петровско-Разумоская лига» және «Коммерческое училище». Орыс қыздарының арасында ұйымдастырылған алғашқы матч 1911 жылы 3 тамызда өткізілді.

Нәсер жаңбыр астында өткен матчта «Пушкино» командасы «Петровско-Разумовская лига» командасын 5:1 есебімен талқандады.

Революция және Азаматтық соғыс кезеңдерінде әйелдер футболы қиын-қыстау сәттерді бастан кешті. Сонан соң, ұзақ уақыттар оны қайта өрлетуге талпыныстар болғанымен, 1980-жылдарға дейін әйелдер футболы өмір сүрген жоқ десе де болады.

Feelfootball.com интернет-порталы жалпы еуропалық сұрау негізінде, Еуропа мемлекеттерінің ішінде Ресейде әйелдер футболына көңіл бөлінбейді деп санайды. Алайда, Орыс қыздарының футболы әлемдік аренада рейтинг бойынша ерлерден жоғары тұр.

1980-жылдардан «Собеседник» апталығының жүлдесі үшін турнир өткізіле бастады. Раменск қаласының «Текстильщик» командасы аталған жүлденің алғашқы иегері болып табылады. Сонымен қатар елдің чемпионаты өткізілді.

1989 жылы КСРО-ның әйелдер футболының Ассоциациясы құрылып, 1990-жылы елдің чемпионаты өткізілді. Алғашқыда бүкілресейлік біріншілікте Киев обылысының «Нива» командасы мен «Текстильщик» командалары көшбасшылар болды.

1990 жылдардың ортасына қарай «Интеррос» командасы көшбасшы болып, ел біріншілігін жеңіп алды.

Одан кейін ресейлік әйелдер футболының туын көтеруші ЦСК ВДВ болып, екі жылдан кейін алға Воронеждік «Энергияны» шығарды. Ирина Григорьева сол жылдардағы ең үздік, танымал ойыншы болып саналды. Ол Ресейдің бірнеше дүркін чемпионы, Францияның чемпионы, 1999 жылғы Әлем чемпионаты мен 1997 және 2001 жылдардағы Еуропа чемпионатына қатысқан ойыншы.

Қазіргі уақытта ресейде әйелдер футболы ақырындап болса да алға қарай дамуда. Өткен жылдары екі жыл қатарынан Ресей чемпионы атағын жеңіп алған Мәскеу обылысының «Россиянка» командасы келесі жолы атақты Пермь қаласының «Звезда-2005» командасына беріп қойды.

Ал 2005 жылы Ресейдің жастар құрама командасы Еуропа чемпионатының жеңімпазы атанды. Қазіргі уақытта сол қыздардың көпшілігі ересек командаларға өтті. Ресей елінің үмітін ақтарар спортшы қыздары мыналар: Елена Данилова, Елена Фомина, Анна Кожникова және Елена Морозовалар.

1980-жылдардан қарқынды дамып келе жатқан Еуропаға қайта оралар болсақ, сол уақыттан батап әйелдер футболынан турнирлерді ұйымдастыруды UEFA қолға алды.

1982-1984-жылдары UEFA қолдауымен өткізілген Еуропа чемпионатында Швеция құрамасының жұлдызы жарқырай жанды. Олар ақтық сайыста Англия құрамасын 4:3 есебімен ұтты. Одан кейінгі тунир үш жылға созылып, 1987-жылы фниалда Швеция және Норвегия құрамалары кездесті. Ол жылғы тәжді Норвегия қыздары киді.

Одан кейінгі екі жылда Германия құрамасының дәуірі басталды. Ол құрама құрлықтың сол кездегі чемпиондарына қақырата соққы беріп, 4:1 есебімен жеңіске жетті.

1991жылғы ақтық сайыста тағы сол екі құрама кезікті және тағы да неміс қыздары алаңдағы

басымдылыққа ие болды. 1991-1993 жылғы турнирлерде Норвегия қыздары жеңімпаз атанды. Алайда неміс қыздары қайтадан чемпиондық атақты тартып алды. Қазіргі уақытта да олар Еуропа чемпионы атағын өздерінде сақтауда.

Әйелдер футболында UEFA Кубогі клубтық турнирлердің ішіндегі ең беделдісі болып саналады. Ондай турнирді әйелдер клубы арасында өткізуді UEFA-ның ақтару комитеті 2000-жылы қабылдап, келесі жылы алғашқы сайыс басталып кетті. Клубтар арасындағы мықтыны анықтауды екі матчтық үлгімен (өз алаңында және сырт алаңда) өткізу ережесі бекітілді.

Ол кездесулерде ең мықты төрттікке Швеция, Финляндия, Франция және Германияның ретімен Umea IK, HJK, Toulouse және Frankfurt командалары шықты. Жартылай финалда Umea HJK-мен болған скандинавиялық теке-тіресте жалпы есепте 3:1-мен басым түсті. Ал Frankfurt алғашқы кездесуде Toulouse командасын 2:1 есебімен ұтып, келесі кездесуде нөлдік тең ойынмен аяқтады.

2002-жылдың 23-мамырында UEFA Кубогінің ақтық кездесуінде Frankfurt қыздары Umea қақпасына жауапсыз 2 гол соқты. Бірақ одан кейінгі турнирде сол Umea IK командасы қатарынан екі рет чемпион атанды.

2004/2005-жылғы маусымда Кубок қайтадан Германияға оралды. Кубок иегері – Turbine Potsdam командасы. Ал бір жылдан кейін Frankfurt

чемпиондық атақты өзіне қайтарып алды. Одан кейінгі жылы ағылшындардың Арсенал командасына қарсы тұрар команда табылмады.

Ұзақ жылдар бойы әйелдер футболының жарық жұлдызы американдық Миа Хэмм болып саналды. Ол екі дүркін Олимпиада ойындарының жеңімпазы және Әлемдік біріншіліктің жеңімпазы болып табылады. Өзінің спорттық жолын 15 жасында АҚШ құрамасының сапында бастаған Миа Хэмм ұлттық құрамада 276 ойын өткізсе, сол ойын барысында қарсыластар қақпасына 158 гол соғыпты.

Алайда баспасөз өкілдері «әйелдер футболының Пелесі» атанған Миа Хэммнің дәуірі қазіргі уақытта аяқталды. Бүгінгі күндері жұлдыздар аренасына басқа спортшы қыздар шықты. Олардың қатарында неміс қызы Биргит Принцтің орны ерекше. Неміс қызын әйелдер футболының феномені деп санауға болады. Себебі 16 жасында футболға бірыңғай бет бұрған Принцтің американдық Хэмнің гол саны бойынша рекордын жаңартуына мүмкіндігі бар.

Frankfurt клубына бала кезінде келген Принц қысқа уақыт ішінде едәуір жетістіктерге жетті. Frankfurt командасына келгеннен кейінгі келесі маусымда ол 1995 жылғы әлем біріншілігінде финалда Швеция қақпасына гол соқты (жалпы есеп 3:0).

Сол жылдың маусымында Frankfurt командасының құрамында ойнап, Германияның чемпионатын және Кубогін жеңіп алды. Келесі екі

маусымда клуб елдің чемпионы атағын сақтап қалды. Неміс қыздарымен бірге Принц 1997, 2000, 2001 және 2002-жылдары Еуропаның чемпионы атағын жеңіп алды. Осы жылдар ішінде Принц ұлттық құрама сапында тұрақты өнер көрсетіп, неміс командасы жоғары биіктерден көріну үшін талмай еңбек етті, тер төкті.

АҚШ-тың Carolina Courage кәсіби командасымен келісім-шартқа отырған ол 2002-жылы мұхиттың арғы жағында өнер көрсетіп, аталған ұжыммен АҚШ біріншілігін ұтып алды. Алайда Принц өзінің отатына қайту туралы шешім қабылдады.

Өзінің отанына оралған Принцтің өмірінде тамаша өнер көрсетудің жана бір тармағы жалғасты. Ол Frankfurt командасымен 2003 жылы елдің чемпионы атанып, сәл кейінірек ұлттық құраманың чемпиондық атаққа ие болуына ат салысты. Сол жылдары қатарынан екі мәрте FIFA-ның үздік сұрмергені атағын жеңіп алған Принцтің ізін басшылар өсіп келе жатты.

2006жылы әлемдік футбол сахынасына жаңа патшайым – бразилиялық Марта шықты. Ол қатарынан екі жыл әлемнің үздік ойыншысы атанды. Спортшы қыз Бразилияда дүниеге келіп, 18 жасында Швецияның Umea IK клубының қатарында өз бағын сынауға келеді. Аталған клуб сапында өнер көрсетіп жүріп, ол қарсыластар қақпасына жүздеген голдар соқты. Оның көмегімен бразилиялықтар соңғы әлем чемпионатының ақтық сайысына дейін жетті.

2007-жылы бразилиялық Марта екінші жыл қатарынан әлемнің үздік футболшысы болып танылды. Бапкерлер мен ұлттық құрама капитандарының арасында жүргізілген сұрау барысында, ол осы атақтың үш дүркін иегері Биргит Принцті айналып өтті.

Міне осындай әлемнің үздік құрамаларының түрлі деңгейлерде өнер көрсетулері көрсеткендей, әйелдер футболы талай белестерден өтіп қазіргі жағдайға жетіп отыр. Әйелдер футболының болашағы зор екені қазіргі аяқ алысы байқатып отыр. Қазақстандағы әйелдер футболының дамуының кенжелеуі еркектер футболының кейпін кейіп отыр. Бірақ олардың бір-бірінен айырмашылғы әйелдердің жеке қайсарлық мінез көрсетуімен байланыстырамыз.

1.2 Қазақстан Республикасында әйелдер футболының дамуы

Футбол - ең танымал және көптеген елдердің сүйікті ойыны болып табылады. Мыңдаған балалар, жасөспірімдер, ересектер футбол ойнап, миллиондаған адамдар футболды теледидар арқылы тамашалайды. Жарыс туралы мақалалар, интернет сайттары, оқулықтар мен есеп беру мәліметтері футбол жанкүйерлерін ойынның қазіргі уақыттағы

ахуалы, дамуы, ойынның болашағ мен өзекті мәселелері туралы ақпараттар беріп отырады.

Білікті де, шебер футболшыларды даярлау бапкерлерден көп жылғы қажырлы еңбек пен жоғары деңгейдегі педагогикалық-бапкерлік шеберлікті талап етеді. Міне осы уақытта ғылым бапкерлерге көмекке келеді. Бапкерлердің ғылым өкілдерімен шығармашылық келісімге келуі, футболдың дамуына, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуге серпіліс беруге күмәнсіз қайнар көз болып табылады.

Біздің елімізде көптеген бапкерлердің арнайы мамандығы немесе дене шынықтыру мұғалімі деген дипломдары бар. Ал олардың жаттығуды жүргізу әдістемесі ғылыммен тығыз байланыста. Отанымыздың бапкерлер жылда Қазақстан футбол федерациясында (ҚФФ) түрлі деңгейдегі біліктілігін жоғарылату курстарынан өтіп, тіпті алыс-жақын шетелдерге ресми іс-сапарларға шығып тұрады.

Қазір елімізде футболмен жүйелі түрде шұғылданатын мыңдаған футболшылар бар. Біздің елімізде балалар мен жасөспірімдер футболына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуде. Олар түрлі мектепаралық, аудандық, қалалық және республикалық жарыстарға қатысып, өздерінің біліктіліктерін шыңдауда.

Балалар алдымен футбол үйірмелерінде тәжірибелі, білікті мамандардан тәлім алып, жақсы жетістіктерге жеткендері кәсіби спортқа бет бұрып жатады. Күнделікті жүргізілетін оқу-жаттығу

үдерісінде олардың техникалық біліктіліктері жоғарылайды.

Қазіргі уақыттағы әлемдік футболдың бір ерекшелігі – кең мағынадағы жылдамдық болып табылады. Ертеректегі футболмен салыстырғанда, қазіргі уақыттағы футбол өте жылдам. Спортшы ойын жағдайында жылдам қимылдап, ойланып, өзінің игерген барлық техникалық-тактикалық мүмкіндіктерін өте қысқа уақыттың ішінде қолданып, шапшаң шешім қабылдауы керек.

Жоғары шеберлік тобына жататын командалардың дене дайындығы қазіргі уақытта барлық ойын барысында жоғары деңгейде қозғалуды талап етеді. Нәтижесінде, жылмадық төзімділігі футболдың ажырамас бөлігіне айналды.

Ал қорғаныста кеңнен қолданылып жүрген жекелей қадағалау әдісі, шабуылдаушы команданың «цейтнот» жағдайында әрекет етуге мәжбүрлейді. Олар шабуылшылардың уақыт мен кеңістігін тарылтып, өздерінің алға қойған тактикалық міндетін шешуге мүмкіндік бермейді. Міне сондай жағдайда, шабуылшылар ойын жағдайын өз жағына бұру үшін өты жылдам әрекет етулері керек.

Қазіргі уақытта Бразилия, Англия, Испания, Италия, Германия, Аргентина, Португалия, Уругвай секілді бірқатар мемлекеттер футболдың тасын өрге домалатып жүрген командалар сапына жатады.

Жер бетінде өз елінің футболының деңгейін жоғарылатып, халықаралық кездесулерге

ұмтылмайтын мемлекет жоқ. Маусымаралық үзілістерде Еуропа, Америка, Африка және Азия елдерінің жетекші командалары өздерінің ойын шеберліктерін арттыру, Әлем немесе Еуропа чемпионаттарының алдында команданың күшін байқап көру мақсатында ресми және бейресми кездесулер ұйымдастырып жатады.

Қазіргі уақытта Еуропаның көптеген командаларында басқа құрлықтың футболшылары мен бапкерлері өнер көрсетуде. Нәтижесінде әр ойыншы өз елінің ойын өрнегін көрсетеді, бапкерлер тәжірибе алмасады. Біздің елімізде де алыс-жақын шетелдердің ойыншылары өнер көрсетуде. Республикамыздың түрлі командаларында Бразилия, Чехия, Нигерия, әрине ресей мемлекеттерінің аяқдоп шеберлері өз ойындарымен еліміздің футбол жанкүйерлерін тәнті етуде. Еліміз 2002-жылы УЕФА қатарына кіргеннен бері жылда түрлі деңгейдегі ресми жарыстарға қатысуда. Әрине әзірге мақтанарлықтай қол жеткізген жетістіктеріміз жоқ. Дегенмен, «ұмтылған жетер мұратқа» демекші, алынатын камал әлі алдыда екені еліміздің футбол мамандарын жетік түсінеді. [9,10].

Футболмен шұғылданудың спортшы ағзасына тигізетін әсері мол. Футбол адамның жан-жақты дамуына ықпал ететін спорт түріне жатады. Басқа да спорт ойындары секілді, футболдың да жүктемесі физиологиялық сипаты жағынан ациклді түрде өтеді, яғни орындалатын қимыл-қозғалыс әрекеттерінің

барлығының қарқыны өзгермелі жағдайда (бірқалыптыдан – максималды ширыққан жағдайда) көрінеді.

Ойын кезінде әрекеттердің барлығы түрлі қарқынмен, түрлі жағдайда және түрлі уақытта кезектесіп, қайталаынады. Доп үшін жүргізілетін үзіліссіз күрес спортшыдан түрлі қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды (жүру, жүгіру, қалт тоқтау, жұлқа және екпіндей жүгіру, секіру, бұрылу, соққы жасау, түрлі акробатикалық тәсілдер) талап етеді.

Ациклді жұмыс сипаты (қимыл-қозғалыс әрекеттерінің құрылымы мен күшпен орындалуының қайталанбай орындалуы) футболшыларға тән. Сондықтан да, олар өзгермелі жағдайда жылдам әрекет етіп, тез шешім қабылдаулары керек.

Футболшылардың ойын кезінде алатын жүктемелері әртүрлі болады. Берілетін жүктеме нақты ойын жағдайына, қарсыластың қолданған тактикасына, олардың техникалық және тактикалық дайындық деңгейіне, белсенділігі мен құлшынысына байланысты.

Барлық спорт ойындарының түрлерінде берілетін жүктеме әртүрлі болады. Дегенмен, олардың көпшілігі, оның ішінде футбол да жылдамдық-күш сипатындағы жұмысты талап етеді. алайда, ойын кезінде аздаған үзілістермен түрлі әрекеттерді бірнеше рет қайталауды және біршама қашықтықты жүгіріп өтуді талап ететіндіктен, футбол басқа спорт

ойындарымен салыстырғанда жалпы және арнайы төзімділікті шыңдауға көбірек ықпал етеді.

Футболшыларда жаттығу үдерісінде күрделі және алуан түрлі қимыл-қозғалыс дағдылары дамиды. Футболға тән ациклді жаттығулар аталған дағдыларды күрделендіріп, олардың сезім мүшелеріне жоғары талап қояды. Ойыншылар бойына сіңірілген қимыл-қозғалыс дағдыларын алаңда доппен жылдам қозғалып әрекет етумен көрсетеді. Сондықтан да, олардың афференттік көру жүйесі ойын кезінде жетекші орынға ие.

Сонымен бірге, ми қыртыстары, қимыл-қозғалыс аппараты және ішкі мүшелердің арасында шартты рефлексті байланыс қалыптасып, жетіледі; қимыл-қозғалыс аппараты, нерв жүйесі, вегетативті мүшелердің қызметтік мүмкіндіктері әлдеқайда кеңейе түседі; үйлесім және бейімделу қабілеттері жетіледі.

Футбол түрлі дене қасиеттерінің дамуы мен жетілуіне, түрлі қимыл-қозғалыс дағдылары мен олардың құрамасының қалыптасуы мен нығаюына оң ықпал етеді. дене сапалары мен қимыл-қозғалыс дағдылары ойын кезінде көрініп, шапшаң қимыл-қозғалыс, реакция жылдамдығы, ойланудың даму және эмоциялық күймен тығыз байланыста болады.

Футболмен шұғылдану, спортшыдан жоғары деңгейдегі жұмыс істеу қабілетін ұзақ уақыт көрсетуді, кейде үлкен қарқындағы жұмысты қажу жағдайында орындауды қажет етеді. Сондықтан да,

футболшылардың техникалық-тактикалық біліктіліктері, олардың дене дайындығы жоғары деңгейде болғанда ғана әсерлі болып шығады.

Футболшылардан түрлі ойын жағдайында дұрыс шешім табуды, ойын жағдайын жылдам болжауды талап ете отырып, олардың өз өзінің командалас ойыншыларымен өзара үйлесімді әрекет етуін қалыптастыру керек және соның арқасында оларда жігер, батылдық, тапқырлық, ұжымшылдық секілді қасиеттер шыңдалады.

Футболдан оқу-жаттығу үдерісі мен жарыс түрлері жыл бойы түрлі климаттық жағдайларда өтіп жататындықтан, олардың бойында шынығу, ағзаның түрлі науқастарға қарсы тұра білуі мен бейімделу мүмкіндіктері жоғарылайды.

Түрлі қарқынмен өтетін жүйелі жаттығулардың арқасында футболшыларда ойын кезіндегі дене жүктемелері мен жүйке ширығуларынан кейін жылдам қайта қалпына келу, өзгерген жағдайға жылдам бейімделу қамтамасыз етіледі. Бұл әсіресе қазіргі уақыттағы қарқынды өтетін футбол матчтары кезінде өте маңызды [11].

Футболшылардың ағзаларына ойынның тікелей әсер етуі ойынның нақты жағдайы, ойыншылардың шеберліктеріне байланысты. Ойын қаншалықты қарқынды өтсе, соншалықты онда күрес-тартыс жағдайы көп орын алады және ағзаның вегетативті қызметтеріне соншалықты күшті сыртқы әсер болады. Ойын қаншалықты ширыққан жағдайда өтсе

және жауапкершілігі жоғары болса, соншалықты жүйке жүйесінде, талдағыштар мен ағзаның ішкі ортасында өзгерістер болады[12,13,14].

Белсенді өткен ойын болған кезде ағзаның физиологиялық қызметтері барынша жоғары деңгейде қызмет етеді. Денеге түсетін үлкен жүктеме көлемі мен қарқынынан бөлек, оған спортшының көңіл күйі, ағзаның қан және көмірсу қорларының жинақталуы, орталық нерв жүйесінің қозғыштығын қосуға болады. Аталған жағдайойын барысында жылдам кіруді және өте әсерлі жұмыс істеуді туындатады. Қуат көздерінің жинақталуы ойын басталмай жатып-ақ жұмысқа қосылады[15,16].

Футболшы қаншалықты үлкен жұмыс көлемін орындаса, ол соншалықты ойынның нәтижелі аяқталуына қызығушылық танытуда деген сөз және соның арқасында оның ағзасының қызметі жұмылдырылған жағдайда қызмет етеді.

Футболшылардың ағзаларындағы физиологиялық өзгерістер деңгейі ширығу деңгейінің өзгеруіне қарай, ойын кезінде бірнеше рет өзгереді. Жекелеген жаттығулар мен ойынның бір бөліктерінен кейін түрлі қуаттағы жұмысқа тән өзгерістер анықталуы мүмкін. Мәселен, футболшының анаэробты жағдайда өтетін жұлқа жүгіруі кезінде максималды қарқындағы жұмыс, үлкен және біркелкі қуатқа тән орташа деңгейдегі екпінге ауысады. Соның арқасында қайта қалыпқа

келу мүмкіндігі нақты сол ойын немесе дайындық кезінде іске асып жатады. [17].

Ойын мен дайындықтың футболшының ағзасына тигізетін жалпы физиологиялық әсері тек жұмыстың қарқынымен ғана (уақыт бірлігіндегі жұмыс көлемі) негізделмейді, сонымен қатар оның ұзақтығына да (орындалған жұмыстың жалпы көлемі) байланысты.

Соңғы жылдары футболшылардың ойын кезіндегі жалпы жүктеме көлемі біршама жоғарылады. Себебі ойын бұрынғыдан гөрі жоғары қарқында және жоғары деңгейдегі нервтік ширығу жағдайында өтеді. Қазіргі уақытта футболшылар ойын кезінде 8-10 шақырым қашықтықты, кейде одан да көп қашықтықтарды өтіп жатады. Ал оның 1800 м спринтерлік жүгіріспен, 20-30 м аралықтарды 140-160 рет орындайды.

Жалпы жүктеменің ұлғаюы ағзадағы физиологиялық қызметтерге де әсер етті. Нәтижесінде футболшылардың жалпы дене дайындығы да жоғарылады. Белсенді ойын кезіндегі энергияның жұмсалуды қазіргі уақытта 1100-1800 б. Кал., көмірсудың жұмсалуды 200 г және оданда жоғары деңгейге жетіп отыр. Ағзада зат алмасудың қышқыл өнімдері жинақталады; көмірсу мен қанның сілтілі қоры төмендейді; тыныс алу коэффициенті төмендейді; қанда лейкоцитоз пайда болады; диурез төмендеп, несептің үлестің салмағы жоғарылайды; несепте ақуыз пайда болады.

Футболшыларда тер шығу жоғарылайды, дененің температурасы 3-4 градусқа жоғарылайды. Олар ойын кезінде 3-4 келіге дейін салмақ түсіреді, алайда көбінесе 1,5-2,5 келі салмақ тастайды. Ресейлік ғалым Н.Н.Яковлевтің мәліметтері бойынша, спортшының ойыннан кейінгі ағзасындағы биохимиялық өзгерістер басқа спорт ойындарымен салыстырғанда көбірек болады.

Сонымен қатар, тыныс алу айналымының аппаратында да біршама өзгерістер болады. Өкпенің желденуі минутына 120-180 литрге, оттегін пайдалану 3-5 литрге дейін жетеді. Максималды көлемдегі жекелеген жаттығулар мен субмаксималды қарқындағы жаттығулардан соң оттегіне деген сұраныс әлдеқайда жоғарылайды. Қысқа мерзімді үзілістерден кейін олар негізінен қалпына келгенімен, ширыққан ойынның соңына қарай оттегінің қарызы ұлғая түседі.

Орташа алғанда, футболшы ойын кезінде 90 минуттың 20-сын оттегіне деген сұраныссыз өткізеді. Жүректің соғу жиілігі минутына 160-190-ға дейін жетеді. Әдетте столалық артериялық қысым сынап бағанымен 160-200 мм-дейін өседі немесе жылдам қажу пайда болған жағдайда төмендейді. Диастолалық қысым сынап бағанымен 40-60 мм-дейін төмендейді. Қанның систолалық көлемі (жүректің бір қысқарғанда қолқаға ығыстырып шығаратын қан көлемі) 150-200 см³ дейін, қанның минуттық көлемі - 30-40 л дейін ұлғаяды. Тура

ойыннан соң жүректің көлемі (егер орындалған дене жүктемесі ағзаның қызметтік мүмкіндіктерінен жоғары болмаған болса) кішірейеді және ол оның соғу қабілетінің жоғарылағанын, сонымен бірге қолқаға көп мөлшерде қан ығыстырып шығарғандығын білдіреді. [17,18,19,20].

Ал қайта қалпына келу кезеңінде оның көлемі өз орнына келеді. Миокардтың бихимизміне және оның қысқару қабілетін элетрлік кардиографияның қисығы және жүрек циклінің фазалық құрылымына қарап аңғаруға болады.

Бұлшықеттегі алмасу өнімдерінің жинақталуынан, онда болатын қажу қысқару мен босаңсудың латенттік кезеңінің ұлғаюымен, жүректің соғуының төмендеуі, босаңсыған күйдегі тонустың жоғарылауы, ширығу тонусының төмендеуі, статикалық ширығу көрсеткіштерінің өзгеруімен байқалады.

Белсенді өткен ойыннан кейін пайда болатын жалпы қажуға қарамастан, көбінесе қозу үдерістері тежеу үдерістерінен басым болып шығады (ол көбінесе үлкен мөлшерде эмоциялық ширығуға байланысты) және қимыл-қозғалыс реакциясының үдеуімен, көру нервінің қозғыштығының жоғарылауымен, күш көрсеткіштерінің жоғарылауымен көрінеді. Ойын аяқталған соң қозу, жылдам қажумен ауысады және нерв жүйесінің қайта қалпына келу кезеңіндегі фазалық күйін білдіреді.

Қажудың жоғары деңгейінде, сондай-ақ дайындық деңгейі төмен футболшыларда бірден ойыннан кейін тежелу реакциясы басым болып, тіпті басыңқы күйде болады.

Дайындықтан кейінгі физиологиялық өзгерістердің деңгейі негізінен қолданылған жүктеме қарқыны мен оның ұзақтығына және оқу-жаттығу үдерісінің алдына қойылған мақсатқа байланысты.

Бір жағынан алып қарағанда, физиологиялық өзгерістердің көлемі футболшының ойын кезіндегі орнына да байланысты. Ойыннан кейін қан айналым, тыныс алу және зат алмасу үдерістерінің көбірек өзгерісі жартылай қорғаушы мен шабуылшыларда байқалады және бұл жағдайды олардың ойын кезінде алаңның барлық бұрышында дерлік өнер көрсететіндерімен түсіндіруге болады.

Ал қақпашылардың вегетативті көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен болғанымен, нерв жүйесінің қозғыштығы жоғары деңгейде болатындығы жиі байқалып жатады.

Алайда, негізінен аталған айырмашылықтардың барлығы соңғы уақтта біркелкіленді. Себебі жарыс басынан аяғына дейін жоғары қарқында өтетіндіктен, қазіргі уақыттағы футбол деңгейінде ойыншылардың жан-жақты болу үрдісі алға шығуда және оларға жарыс кезінде үлкен жұмыс көлемін атқаруға тура келеді. Бұл футболшы ағзасына түсетін жүктеменің әсер ету деңгейін теңестіреді. Оқу-жаттығу үдерісінде спортшылардың барлығы бірдей дене

жүктемесін алатындықтан, жоғарыда аталған айырмашылықтар тіпті байқалмайды.

Сондай-ақ, жүктеменің арқасында болатын физиологиялық өзгерістер футболшылардың дайындық деңгейіне, олардың техникалық шеберлігі, дербес ерекшеліктері мен сыртқы ортаның жағдайына да байланысты.

Мысалы, техникасы жоғары деңгейдегі ойыншылар доппен орындалатын барлық жаттығуларды, техникалық деңгейі өздерінен төмендеу ойыншылармен салыстырғанда аз энергия жұмсап орындайды. Дайындық деңгейі жоғары спортшылар берілген жүктемені, өзгелерде жеңілірек орындайды.

Ойын кезінде физиологиялық қызметтердің біршама ұлғаюына қарамастан, қайта қалпына келу салыстырмалы түрде жылдам өтеді. Арнайы жүргізілген дәрігерлік зерттеулер көрсеткендей, жаттыққан футболшыларда қажудың салдары әдетте 18-24 сағат ішінде жойылады. Ал кешенді оқу-жаттығу сабақтары мен жарыстардан кейін олардың қайта қалпына келу үдерістері ұзағырақ жүреді.

Себебі олардың ондай кездерде нерв жүйесінің қызметіне және жұмсалатын энергия мөлшеріне байланысты. Тіпті жоғары деңгейлі футболшылардың өзі маңызды жарыстардан және үлкен дене жүктемелерімен өтетін оқу-жаттығу сабақтарынан кейін қайта қалпына келу үдерісі 36-48 сағатқа дейін созылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы футбол спортшы ағзасына өте жоғары талаптар қояды. Ойындағы сәттілік олардың жоғары техникалық, тактикалық және жігер сапаларының деңгейлеріне байланысты. Ағзаның жоғары деңгейдегі қызметтік мүмкіндіктері, үйлесімділік мехнизмдері мен бейімделу мүмкіндіктері, қазіргі уақыттағы ойында техникалық және тактикалық біліктілікті іске асыруға қажетті база болып табылады және ол үшін оқу-жаттығу үдерісінде арнайы және жалпы дамыту жаттығулары мен жаттығу кезіндегі оқу-үйрену әдісін үйлестіре қолдану керек (әсіресе білікті футболшылар).

Футболшыға қажетті сапалар мен дағдыларды жалғыз жарыстың арқасында шыңдау мүмкін емес. Ол үшін жан-жақты қарастырылған, жүйелі үлгідегі дайындық жұмысы жүргізілуі керек. Ойын кезіндегі жүктеме, сол ойын сәтіндегі жағдай мен бірқатар қосымша факторларға байланысты, сондықтан да нақты реттестірілген болуы мүмкін емес.

Өйткені ойын кезінде алатын футболшылардың жүктемесі әр кезде, түрлі болады. Сондай-ақ жаттығудың қайталануы мен бағытын, қажетті қарқынды ұстау, басқа әрекетке көшу, бұлшықет жұмысының ауысуы секілді қимыл-қозғалыс әрекеттерін де алдын-ала болжау мүмкін емес. Ол үшін дербес орындалатын қосымша жұмысты мұқият жоспарлап, орындалатын жаттығулар мен қолданылатын спорттық құрал-жабдықтарды дәл анықтау қажет.

Қазақстанның бірінші әйелдер футбол командасы 1988-жылы Алматы қаласындағы Дене тәрбиесі және спорт институтында құрылып, 2004-жылы таратылды. Ол команда мынадай команда атауларымен түрлі жарыстарда өнер көрсетті.

1989 жылы «Грация» (Алматы)

1990 жылы «Мерей» (Алматы)

1991 жылы «СКА-Мерей» (Алматы)

1992 көктеміне дейін -«ЦСК ВВС» (Тольятти)

1992 көктемінен бастап - «ЦСК ВВС» (Самара)

Жетістіктері

Ресейдің төрт дүркін чемпионы:1993, 1994, 1996, 2001.

Ресейдің Кубогінің иегері: 1994

Достастықтар Чемпиондарының Кубогінің иегері: 1996

Ойын нәтижелері

Кесте -2. Қазақстандық футбол командасының ойын көрсеткіштері

Маусым	Аймақы	Орын	Кубок
1990	КССРО жоғары дивизион	7	-
1991	КССРО жоғары лигасы 2 зонасы	3	2-ш кезең
1992	Жоғары дивизион	2	1/16
1993	Жоғары дивизион	1	1/2
1994	Жоғары	1	жеңімпаз

	дивизион		
1995	Жоғары дивизион	2	финалда
1996	Жоғары дивизион	1	финалда
1997	Жоғары дивизион	2	1/4
1998	Жоғары дивизион	2	1/4
1999	Жоғары дивизион	3	1/2
2000	Жоғары дивизион	3	1/2
2001	Жоғары дивизион	1	1/4
2002	Жоғары дивизион	4	финалда
2003	Жоғары дивизион	3	1/2
2004	Жоғары дивизион	5	1/2

Клубтық рекордтар

Клубтың ең үздік мергені — Лариса Савина (94 доп)

Бір маусым мергені — Елена Кононова (1996 жылы 32 доп)

Ең көп ойын өткізген — Сәуле Жарболова

Ресей біріншілігіндегі ең ірі жеңіс - 16:0 2003 жылы «Анненки» (Калуга) командасымен ойында тіркелді

784 күн Ресей біріншілігінде жеңілмеген 1993 жылдың мамыры 1995 жылдың маусымы аралығында.

Ирина Григорьева - ресейлік футболшы әлемнің үздіктер құрамасында ойнаған.

1.3 Қазақстан Республикасынадағы әйелдер футбол чемпионатының өткізілуі және ерекшеліктері

Әйелдер арасында ел Чемпионаттың матчтары екі кезеңмен өткізіледі. Бірінші кезеңде командалар «біреуі - барлығымен» қағидасы бойынша екі тур ойнайды және әр турда бір шеңберлік ойын өткізеді.

Екінші кезеңде Чемпионаттың турнирлік кестесінде, бірінші кезеңнен кейін 1 және 4-орындарға орналасқан командалар «біреуі - барлығымен» қағидасы бойынша екі шеңберлік (өз алаңында және сырт алаңда) матчтық кездесулер өткізеді.

Чемпионатта бірінші кезеңнен кейін 5-6 орын алған командалар, әйелдер командалар арасында өткізілетін жастар Біріншілігіне қатысу құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Кубогі арнайы ереже негізінде өткізіледі.

Бір матч барысында команда құрамындағы легионерлер саны былайша реттестіріледі:

- Чемпионат – 3 (үш) адамнан көп емес;

- Қазақстан Республикасының Кубогі – 3 (үш) адамнан көп емес.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда Клубқа (командаға) байланысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Қазақстан Республикасының Біріншіліктеріне легионерлердің қатысуына рұқсат жоқ.

ҚФФ жарыстарын өткізу кезінде матчтың хаттамасына негізгі құрамның 11 және қосалқы құрамның 7 Ойыншысынан артық жазылмау керек.

Матч барысында матч хаттамасына енгізілген келесі Ойыншыларды ауыстыруға рұқсат беріледі:

ҚР Чемпионатында – 3 (үш) адамнан көп емес;

ҚР Кубогінде – 3 (үш) адамнан көп емес;

ҚР Біріншілігінде – 7 (жеті) адамнан көп емес.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда Клубқа (командаға) байланысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Клубтың (команданың) Өкілдері матч басталуға 45 минут қалғанға дейін матч хаттамасына Ойыншылардың аты-жөндерін нөмірлеріне сәйкес енгізіп, ЭФБ матчқа берген Ойыншылардың куәліктерін төрешіге беруге міндетті. Алаң иелері хаттаманы бірінші болып толтырады. Матч басталғанға дейін бас бапкер (бас бапкердің міндетін атқарушы) немесе команда басшысы, сондай-ақ команданың дәрігері хаттамаға қол қояды[21].

Матч кезінде команданың мәлімдеме тізіміне енгізілген Команданың басшысы, Клубтың

бапкерлер құрамы мен қызмет көрсетуші тұлғалар, қосалқы ойыншылар матч кезінде техникалық аумақтағы арнайы орынға орналасады. Техникалық аумақ арнайы белгімен белгіленеді және қосалқы құрамға арналған орындықтың оң және сол жақтарына кем дегенде 1 метр, футбол алаңының қапталдық сызығынан кем дегенде 1 метр қашықтықта орныласуы керек.

Матч барысында техникалық аумақта клубтың басшылары, матч хаттамасына енгізілмеген тұлғаларға, ойыннан қуылған ойыншыларға жүруге тиым салынады. Аталған талаптар бұзылған жағдайда Клубқа (командаға) байланысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Ойын кезінде команданың, Ойыншылардың, бапкерлердің әрекеттеріне клуб басшыларының араласып, қолайсыздықтар туындатуына, өздерінің өрескел қылықтарын көрсетулеріне құқықтары жоқ. Ондай жағдайда Клуб жетекшілері Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес өздерінің қылықтарына жауап берулеріне тура келеді.

Техникалық аумақта, футбол алаңына тікелей қатысты аймақта, сондай-ақ трибунаастылық бөлмелер мен команданың киініп-шешінетін бөлмелерінде шылым шегуге тиым салынады.

Хаттамаға енгізілген қосалқы Ойыншылардың қыздырынуына арналған орынды ұйымдастыру жиылысында төрешілер (инспекторлар) анықтайды.

Матч кезінде қақпаның артына тек ресми аккредитациясы бар теле- және фотокорреспонденттер, допты жеткізіп тұрушы балғын футболшылар ғана болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық немесе Жастар құрама командаларының оқу-жаттығу жиындарын өткізу және ресми халықаралық матчтар кезінде ҚР құрама командасына үшеуден асатын ойыншылары босатқан Клубтар (командалар) жарыстың кезекті матчын ауыстыруға құқылары бар.

Бекітілген ережеге сәйкес рәсімделмеген Ойыншының немесе ойыннан қуылған Ойыншының, сондай-ақ матчқа қатысуға құқығы жоқ Ойыншының ойынға қатысуы фактілері анықталған жағдайда Клубқа (командаға) байланысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Ойыншы алаңға төреші рұқсат беріп, матч хаттамасына тіркелген жағдайда, ол алаңға ресми дұрыс шыққан болып саналады.

Екі Клубтың да (команданың) матч кезінде қолданыстағы Регламенттің қандайда-бір бабын бұзығандығы анықталған жағдайда, Клубқа (командаға) байланысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

«Fair Play» әділ ойын қағидасына сәйкес, матч басталғанға дейін және матчтан кейін футбол алаңындағы екі команданың да Ойыншылары матчты көруге келген жанкүйерлерге екі қолдарын көтеріп қошемет көрсетулері керек.

Аталған баптың ережелерін бұзған Ойыншының Клубына (командасына) қатысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Клубтың (команданың) өз алаңында өткізетін халықаралық матчтарында, Чемпионат ойындарында және Кубок ойындарында Қазақстан Республикасының әнұранын ашылу салтанатында қоюларына құқылары бар.

Аяқталмай қалған ойындар қайтадан ойналмайды – жалғастырылып ойналады.

Егер матч ауа-райы қолайсыз деп саналып, матчтың ресми Тұлғасы Ойыншылардың денсаулығына қауіпті деп тапса, сондай-ақ ойынды қабылдаушы Клубтың (команданың) кінәсіз электрлік жарықтандыру істен шығып, матчтың Ресми тұлғасы анықтаған уақытта ол олықылықтар жөнделмесе, алайда матчты тоқтатқан уақыттан кейін 60 минуттан аспаса, матч келесі күні сол тоқтатылған уақыттан бастап қайтадан жалғастырылады.

Аяқталмай қалған матчтың тоқтатылған уақыты матчтың хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Матчтың жалғастырылып ойналатын орынын ЭОФ анықтайды. Ойынның басталу уақыты Негізгі түсіруші-хабарлаушымен (трансляция жүргізілген жағдайда) келістіріледі.

Ойналған уақыттағы Матчтың есебі жалғастырылған жағдайда сақталады.

Жалғастырылған матчқа хаттамаға енгізілген ойыншылар ғана жіберіледі. Дәрігерлік анықтауларға байланысты ойынға қатыса алмайтын Ойыншының орнына басқа ойыншыны ауыстыруға болады.

Матчтың ойналып кеткен уақытында Ойыншыларға және Клубтың Ресми тұлғаларына байланысты қолданылған барлық тәртіпке шақыру санкциялары сақталады.

Мынадай себептерге байланысты аяқталмай қалған матчтар қайтадан ойналмайды:

- жанкүйерлерді санамағанда – өзге тұлғалардың ойынға араласуы;

- бір немесе екі команданың да Ойыншыларының тәртіпсіз, өрескел қылықтары;

- алаңдағы команданың бірінің құрамында 7 (жеті) аз ойыншының ойнауы.

Аталған матч бойынша шешімді ТБК қабылдайды.

Киім (Экипировка) ойыншының футболкасында ҚФФ эмблемасы (оң жеңінде) мен нөмірі (футболканың артында - ортада) болады. Ойыншының футболкасындағы нөмірі мәлімдеме қағазы мен матчтың хаттамасында көрсетілген санмен сәйкес келуі керек.

Футболкадағы нөмірдің биіктігі – 25-35 см. Нөмір (сан) штрихының жалпақтығы 3-5 см. Жолақты футболкаларда нөмірлер түсі жағынан футболканың түсінен ерекше болады және тікбұрышты болып орналасады.

Спорттық трусидің алдыңғы жағында команда Ойыншысының нөмірі болуы керек (биіктігі 10-15 см).

Көлемі 100 шаршы см аспайтын Клубтың эмблемасы (ресми тәртіппен тіркелген) Ойыншының футболкасының алдыңғы жағында - сол жақ бөлігінің жартысында - жоғарыда орналасуы керек. Клубтың эмблемасы да Ойыншының спорттық трусиінің алдыңғы жағында және гетриілеріне (шұлықтарында) орналасады. Спорттық труси мен гетридегі Клубтың эмблемасының көлемі 50 шаршы см аспауы керек.

Ойыншының ойын киіміне Клубтың демеушісінің жарнамасын орналастыруға рұқсат етіледі. Жарнаманың орналасқан орны ЭОФ-мен жазбаша түрде келісілуі тиіс.

Қақпашының киімінің түсі команданың Ойыншылары мен төрешілердің киімінің түсінен ерекшеленуі тиіс.

Футбол ойынының Ережелері мен FIFA талаптарына сәйкес Ойыншылар ойын кезінде шұлық ішінен қорғаныш-қалқаншалар киюі тиіс.

Спорттық панталондар мен ішкіімдер түсі жағынан спорттық трусилермен бірдей және тізеге жетпеуі керек. Футбол ойынының ережелеріне сәйкес келмейтін үлгідегі киім киген Ойыншылар матчқа жіберілмейді [22,23].

Жарысқа қатысу үшін командалар екі киім даярлайды: негізгі және қосалқы (ашық және

қоңырқай түсті) киім. Киім түсін анықтауда алаң иелері бірінші таңдайды.

Футболдан ҚР Чемпионы атағын жеңіп алған әр үшінші атақ үшін Клубтың эмблемасын футболкаларына көлемі 10 шаршы см аспайтын алтын жұлдыз түріндегі ерекше белгі тағуларына құқылары бар.

Жарысқа қатысушы Клубтар (командалар) Клубтың жетекшілері, Клубтың Ойыншылары мен өзге де мамандар аталған Регламенттің барлық талаптарын орындап, бір-біріне, жанкүйерлерге (көрермендерге) деген жоғары деңгейлі тәртіптілік, ұйымшылдық пен бір-біріне деген құрметті сақтауы керек.

Клубтың (команданың) жетекшілері өз командаларының ойыншылары үшін жауапты және ойын кезінде болмасын, алаңнан сырт жерде төрешілер, инспекторлар мен делегаттардың істеріне араласуға құқылары жоқ.

Аталған Регламенттің және ҚФФ өзге де құжаттарымен бекітілген міндеттерді орындамаған Клубтар (командалар) жауапкершілікті орындамағандары үшін жауап береді.

Клубтар (командалар) өз жанкүйерлерінің қылықтарына, Ресми тұлғалардың әрекеттеріне жауапты. Матчты сырт алаңда өткізетін Клуб (команда) қонақта өткізген матч кезіндегі өз жанкүйерлерінің қылықтары үшін жауапқа тартылады.

Футболдың аймақтық және жергілікті федерациялары (ассоциациялары) матчты өткізу кезіндегі тәртіпті сақтау шараларына тікелей қатысуы керек.

Клубтар (командалар) команда Ойыншыларының оқу-жаттығу жұмыстары бойынша құжаттардың сапалы рәсімделуі мен ӘФБ жаттығу және жарысқа даярлық жұмыстары жөнінде шұғыл мәліметтер жеткізіп тұруға міндетті.

Клубтар (командалар) ӘОФ-нің талап етуі мүмкін құжаттарды, оқу-жаттығу жұмыстары бойынша төмендегідей құжаттары болуы керек:

-оқу-жаттығу жиындары мен өзге де негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары;

-команданың журналы;

-дайындықтың жылдық жоспары;

-даярлық кезеңінің жоспары;

-жекелеген микрциклдердің жоспары;

-жаттығулардың конспектілері;

-команданың барлық командалық ресми матчтарындағы жалпы және дербес командалық техникалық-тактикалық көрсеткіштері;

Ойыншылардың барлық ресми матчтардағы жылдамдық көрсеткіштері.

Оқу-жаттығу жұмыстары бойынша құжаттарды рәсімдеуге жауапты - команданың бас бапкері (бас бапкердің міндетін атқарушы).

Егер бір команданың Ойыншыларының өрескел қылықтары үшін төрешінің шешімі бойынша матч

тоқтатылған болса, онда сол командаға қатысты Тәртіпке келтіру регламентінің санкциялары қолданылады.

Жеткілікті деңгейде күресіп ойын көрсетпеген, келісілген ойындар ҚФФ жауапты органдарында міндетті түрде қарастырылады және келесі құжаттар мен ақпарат көздері оған негіз болып табылады:

- делегаттың, инспектор, төрешілердің хаты;

- ҚФФ комитетінің отырысы мен комиссияларының, оның ішінде Сараптама комиссиясының хаттамалары;

- ҚФФ жетекші құрамының Атқару комитетінің, аймақты немесе жергілікті федерациялардың жетекшілерінің жазбаша өтініштері, БАҚ материалдары мен матчтың видеожазбалары және т.с.с.

Кінәлі клубтарға (командаларға) қатысты Тәртіпке келтіру регламентінің санкциялары қолданылады.

Матчтың нәтижесі бекітілген жарысты өткізу шарттарына біршама әсер еткен жағдайда ТБК матчтың нәтижесін жою немесе қайта ойын өткізу жөнінде шешім қабылдауға құқылы[24].

ҚФФ аталған Регламенттерін әрдайым бұзған Клуб (команда) жарысқа қатысушылардың тізімінен шығарылып тасталуы мүмкін.

Егер Чемпионатты өткізу барысында қатысушылар тізімінен бір Клуб (команда) алынып тасталса, онда Чемпионат аяқталған соң бірінші

лигаға ең аз ұпай жинаған бір Клуб (команда) қана көшіріледі.

Қазақстан Республикасының төңірегінде Халықаралық деңгейдегі турнир (матчтар) ұйымдастырушы аймақтық (жергілікті) федерациялар оларды өткізу үшін ҚФФ рұқсат алулары тиіс. Ондай өтініш ҚФФ турнир өткізілгенге дейін 30 күн ішінде жіберілуі керек. Халықаралық турнирге ҚФФ келісімінсіз Клубтар (командалар) қатысуы анықталған жағдайда оларға қатысты Тәртіпке келтіру регламентінің санкциялары қолданылады.

Түрлі жағдайларға байланысты матч өткізілетін орынға қарсы команда келмеген жағдайда, қабылдаушы Клуб (команда) сол күні матчты өткізу үшін барлық мүмкіндікті пайдалануы керек. Матчтың басталуының ресми уақытан бір сағат өткен соң, матч инспекторы (ол болмаса - төреші) аталған жағдайға байланысты шешім шығару үшін ЭФБ әкімшілігіне хабарлайды.

Өзге жағдайларда команданың уақытылы шықпауы (матчтың басталуының ресми уақытынан 1 сағат өткен соң алаңға команданың шықпауы) келмеген болып бағаланады. Матчтың инспекторы мен төрешілер матчты өткізу туралы ресми құжаттарды толтырып (хаттама, инспектордың хаты), факсимильді байланыс арқылы ҚФФ жіберіледі.

Алаңында матч өткізілетін Клуб (команда) міндетті:

- төрешілердің бөлмесінде бөтен адамдардың болмауы. Төрешілер бөлмесінде тек матчқа қызмет көрсететін төрешілер мен инспектор болуы керек. Төрешілердің бөлмесіне ойынға қатысушы командалардың ресми өкілдері, тек матч инспекторы (делегет) рұқсат бергенде ғана кірулеріне рұқсат;

- матчты өткізу үшін ӘФБ ұсынған 4 добын даярлап қою;

- аталған Регламенттің «9.3.» пунктінде көрсетілген құжаттармен қамтамасыз ету.

Қабылдаушы Клуб (команда) матчты өткізуге қажетті төмендегідей шарттарды қамтамасыз етуі керек:

- сапалы шөп немесе жасанды жабыннан тұратын, футбол ойынының ойын Ережесіне сәйкес келетін футбол алаңы;

- ақпарат беруші табло (жұмыс сітейтін);

- электрондық табло немесе Ойыншыларды ауыстыруға қажетті нөмірлі табло;

- қолайлы орындықтар, ыстық сумен қамтамасыз етілген душ және дәретханамен жабдықталған киініп-шешінетін орын (әр командаға);

- төрешілерге арналып душ және дәретхана, қажетті құралдар және құжаттармен (матч хаттамасының парағы, қосалқы төрешінің парағы, ұйымдастыру жиылысының парағы) жабдықталған арнайы бөлме; матч басталғанға жарты сағат қалғаннан, матч аяқталғанға дейін жедел жәрдем көлігі мен дәрігерлік қызметкерлер. Жедел жәрдем

және өрт сөндіру көліктері барлық көрермендер кеткен соң ғана стадионнан кетеді;

- санитарлық көтергіштері бар қызметшілер;
- матчқа қатысушылардың стадионға қауіпсіз

өтуі;

- матчтың инспекторы мен делегатының арнайы орындары;

- Клуб (команда) өкілдерінің арнайы қонақтарына арналған арнайы орындар;

- ҚФФ рұқсат-қағазы бар тұлғаларға арналған орындар;

- қорғаныш қалқаншасы бар, қосалқы төрешіге арналған орын.

Матчтың қожайын-клубы (команда) қонақ командаға мынадай жағдайларды тегін жасауы керек:

-ұзақтығы бір сағаттан аспайтын жаттығу өткізуге арналған және қажетті құралдармен жабдықталған футбол алаңы. Ауа-райы қолайсыз болған жағдайда (нөсер жауын, аяз) қонақ командаға дайындық үшін 30 минуттан аспайтын уақыт беріледі;

-спортшыларға вокзалдан (аэропорттан) қонақ үйге және артқа, стадионға және кейін үйге қайтуға арналған автобус;

-төрешілерге, инспектор мен делегатқа вокзалдан (аэропорттан) қонақ үйге және артқа, стадионға және кейін үйге қайтуға арналған автобус.

Қарсылас команда немесе матч инспекторы жазбаша түрде өтініш жазған жағдайда, қожайын-клуб міндетті:

-қонақ команданың автобусын ЖПБ көлігімен алып жүруге;

-қонақ команда, инспектор, төрешілерді ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қорғауы.

Клубтарға (командаларға) әр матчты видеотаспаға түсіру ұсынылады және ол жазбаларды 30 күнге дейін сақтау керек.

Уақыты видео үлбірде көрсетілген видео түсірілімде матч тұтастай – команданың алаңға шығуы мен матч аяқталған соң алаңнан команда мен төрешілердің кетуі тіркелуі керек (оның ішінде ойын тоқтатылып футбол алаңындағы және трибунадағы қоғамдық тәртіптің бұзылуы да). Қожайын-команда қонақтардың видеотүсірілім жүргізуіне техникалық жағынан көмектесулері керек.

Ал матч аяқталған соң, қажет болса өткізілген матч туралы видеотүсірілімді талап бойынша беруге міндетті.

Қожайын-команда Төрешілер комитеті сұраған жағдайда матчтың толық түсірілімін аталған пункт бойынша жеткізіп беруге міндетті.

Қонақ-команда келуге бес күн қалғанға дейін қожайын-командаға өзінің келетін уақыты, команда саны, жаттығу уақыты мен қайту мерзімі туралы ақпарат беруі керек. Ақпарат уақытылы берілмеген жағдайда шағым қабылданбайды.

Күтіп алу бойынша ұйымдастыру жұмыстарына шағым болған жағдайда команда жетекшісі хат жазып, ӘФБ әкімшілігіне жібереді.

Қожайын-команда ҚФФ талабы бойынша жарнама қалқаншалары, жарыс демеушілері туралы ақпараттарды ҚФФ нұсқаулықтарына сәйкес жүргізулері керек.

Матчқа қатысушы командалардың өкілдері (команда бастығы немесе бапкер) инспектор немесе делегат жүргізетін жиылысқа қатысып, аталған тұлғалардың өкімдерін орындауға міндетті.

Клуб (команда) ҚФФ қарайтын құқықтарды іске асыру бойынша ҚФФ келісімі бойынша қолдануға құқығы бар жағдайлар:

- спорт нысандарында ҚФФ жүргізетін футбол матчтарында демеушілік көрсеткен мекеме-ұйымдардың логотиптерімен жарнама қалқаншаларын орналастыруға;

- жарнама мақсатынада ҚФФ сайтының ресми қолдануға;

- футбол турлары бойынша апталық пресс-конференциялар өткізуге;

- Ұлтты құрама өкілдерімен, бапкерлер, төрешілер, ҚФФ сарапшылары мен басшылығынан интервью алуға;

- радио және теледидарларда арнайы футбол кездесулерін өткізуге;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командаларының барлық жас аралықтарындағы матчтарынан репортаждар жүргізуге.

Клуб (команда) аталған құқықтарының барлығын ҚФФ шешімсіз қолдануға құқылары жоқ.

ҚФФ жарыстары мен UEFA-ның Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыратын матчтары Клуб ұсынған және сол деңгейде өтетін жарыстарды өткізуге рұқсаты бар стадиондарда өткізіледі. Клубтың (команданың) әкімшілігі стадионға және футбол алаңына қатысты ҚФФ қойған барлық талап-тілектерін орындаулары қажет. Сонымен қатар, келесі шарттар орындалуы керек:

- стадион - сәйкес келетін лигадағы жарыстарға рұқсат етілген спорт құрылымдарының реестріне кіруі қажет;

- стадион - футболдың аймақтық федерациясының (ассоциациясының) сәйкес келетін құқық негіздері тарайтын аумақта орналасқан болуы керек.

ӘФБ рұқсатымен жарыс күнтізбесінде қарастырылған жарыс кейбір жағдайларда басқа стадиондарда өткізілуі мүмкін. Ондай рұқсатты алу үшін Клуб (команда) өткізілетін матчқа қалған жеті тәуліктен кешікпей ӘОФ-ке ресми өтініш жасайды.

Стадионның жарысқа даярлығын анықтау ҚФФ-те бекітілген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

Стадионның және қызмет көрсетуші мекемелердің даярлығын матч инспекторы немесе

делегат (олар болмаған жағдайда төреші) техникалық жиылыс пен келесі құжаттардың негізінде растайды:

-күнгізбелік матчты өткізуге спорт құрылымында қызмет көрсетушілердің даярлық актісі;

-матчты өткізу мүмкіндігі жөніндегі ақырғы шешімді қабылдау хаттамасы (қажет болған жағдайда).

FIFA және UEFA-ның жасанды жабындарды қолдану бойынша барлық талаптары орындалға жағдайда, ҚФФ-ның рұқсатымен жасанды жабындары бар алаңдарда матчтар өткізуге рұқсат беріледі.

Чемпионатқа қатысушы клубтар (командалар) FIFA және UEFA талаптарына және футбол ойынының Ережелеріне сәйкес келетін жасанды жабынды алаңдарды ҚФФ-ның сертификаттауынан өткізуге міндетті.

Клубтың (команданың) атынан ӘФБ-ге Чемпионатқа тапсырыс беру құжаттарын рәсімдеуге басшылыққа, сондай-ақ клубтың өзге де қызметкерлеріне сенімхат негізінде әрекет етулеріне рұқсат беріледі[25].

Соған ұқсас құжаттардың ҚФФ-ге тапсырылу кезінде қайталануды болдырмау үшін Клуб бұрын берілген құжаттардың заңды күшін дәлелдеу үшін сенімхат берулеріне болады.

Рәсімдеу кезінде келесі құжаттар компьютерде теріліп ұсынылады:

- ҚФФ жетекшілік етуші рөлін мақұлдайтын жазба түріндегі хат және іс жүзіндегі Регланментті, оның ережелерін сақтауға, сондай-ақ ҚФФ барлық өкімдерін, оның ҚФФ құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырған жарыстарына қатысуға Клубтың орындау жөніндегі жазбаша хат;

- нотариус арқылы расталған ұйымдастырушы құжаттардың көшірмелері;

- нотариус арқылы расталған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі куәлігі, СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) куәлігі, статистикалық карточка;

- міндетті түрде, нотариус арқылы расталып, Клуб атынан қаржылық және басқару құжаттарға қол қоюға құқылы тұлғалардың тізімі;

- Клубтың аймақтық футбол федерациясында (ассоциациясында) мүшелігін растайтын құжаттар;

- Клубтың заңды және нақты мекен-жайы мен банктік реквизиттері (міндетті түрде телефон, фиаксимильді байланыс, стадион, спорттық база нөмірлерін көрсету қажет);

- Клубтың құрылымы туралы құжаттар;

- стадионның арендасы туралы келісім-шарт (немесе спорт құрылымын пайдалануды растайтын құжат);

- пайдалану қауіпсіздігі, көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі акті: актіге дене тәрбиесі және спорт мәселелері бойынша

атқарушы орган мен спорттық құрылымның инженерлік қызметтерімен біріге отырып қол қояды;

- матч кезіндегі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ жарысқа қатысушылар мен көрермендерді шығару мен хабардар ету бойынша іс-шаралар ережелері;

- төтенше жағдайлар орын алғанда стадиондардағылардың барлығын заң актілерімен анықталған тәртіп бойынша шығарудың жоспары;

- ҚФФ жарыстарын өткізуге стадионның даяр болу актісі;

- жарыс өткізу кезінде қоғамдық және өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қажетті дәрігерлік көмекті қамтамасыз ету, ішкі істер органдары, өртке қарсы қауіпсіздік және дәрігерлік жедел жәрдемді қамтамасыз ету жөніндегі келісімді растайтын құжаттар:

- 3 дана мәлімдеме беру парағы.

Чемпионат:

Клубтың (команданың) жасы 16 кем емес, оның ішіне кезкелген Ұлттық Ассоциациядан 3-көп емес легионер кіретін 25 Ойыншы, сондай-ақ Клубтың басқару, бапкерлік құрамын және командаға қызмет көрсетуші өкілдерін мәлімдеме қағазына енгізуге құқығы бар.

Біріншілік:

Клубтың (команданың) 25 Ойыншы, сондай-ақ Клубтың басқару, бапкерлік құрамын және

командаға қызмет көрсетуші өкілдерін мәлімдеме қағазына енгізуге құқығы бар.

Клубтың мәлімдеме парағына енгізілген кезкелген Ойыншының қыздар арасында өткізілетін жарысқа қатысуына құқығы бар, аталған команданың құрамында қатысу үшін матч хаттамасына енгізіледі және осы Регламентте қарастырылған талаптарды сақтай отырып, Чемпионатқа қатысуға құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттары болып, Чемпионатқа немесе Біріншілікке қатысуға мәлімдемесі бар Ойыншының өзге мемлекеттің азаматтығын растайтын құжаты болса, сол Клубқа қатысты ҚФФ Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкция қолданылады.

Клубтың басқару құрамы мен бапкерлері Ойыншы ретінде мәлімдеме тізіміне енгізілуіне рұқсат жоқ.

Мәлімдемеге Клубтың жетекшісі, бас бапкер, команда дәрігері мен аймақтық федерация жетекшісі қол қойып, мөр басылады.

Ескерту: рәсімдеуге А3 форматында терілген және ҚФФ логотипі бар мәлімдеме беру парақтары қабылданады.

Сондай-ақ, жарыстың құжаттарын рәсімдеу кезінде мынадай құжаттар қажет:

-әрбір бетіне қол қойылған, тігілген және мөрмен расталған Ойыншылар мен команданың мәлімдеме парағына енгізілген Ресми тұлғаларының еңбек

келісім-шарты (ЕК) (барлық толықтырулар, өзгертулер мен қосымшалар болуы қажет) – үш дана;

-FIFA бекітілген үлгідегі Ойыншының паспорты;

үш дана Ойыншының өту шарты туралы трансферлік келісім-шарт, өтемақы төлемдері жөніндегі келісім-шарт. Егер Клуб трансферлік келісім-шартты шетел тілінде ұсынса, онда келісім-шартқа қазақ (орыс) тіліне аудармасы болуы керек (натариуспен расталған);

-жеке тұлғаны куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасының азаматына жеке куәлігі немесе пспортының түпнұсқасы, сондай-ақ Клубтың мөрімен расталған паспорт пен жеке куәліктің көшірмесі; Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғалар үшін Клубтың мөрімен расталған паспорттың көшірмесі);

-қайғылы жағдайлардан Ойыншыларды сақтандыру бойынша сақтандыру куәлігі;

-мәлімдеме тізіміне сәйкес әр Ойыншының екі суреті (3x4 см) және Клуб басшылығы, команда мамандарының бір суреті;

команданың түрлі-түсті бір суреті (18x24 см), Клуб эмлемасының логотипі (түрлі-түсті);

-аталған Регламентпен қарастырылған, ҚФФ өтем аудару жөніндегі банктің төлем мәлімдемесі.

Жасөспірімдер құрама командасы (U-17) аталған пункттегі құжаттармен қоса, келесі құжаттарды көрсетулері қажет.

Чемпионатқа қатысуға ата-ананың натариус арқылы расталған келісімі;

Тапсырыс беру құжатын рәсімдеуге 30 күн қалғанға дейін ойыншының дәрігерлік тексеруден өткендігін куәландыратын құжат.

Клубтардың мәлімдеме құжаттарын рәсімдеу ӘФБ-де бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі. Құжаттарды рәсімдеу кестесін сақтамағаны үшін Клубқа қатысты Тәртіпке келтіру регламентінің санкциялары қолданылады.

Мәлімдеме құжаттарын рәсімдеуді аяқтағаннан кейін 15 тәулік ішінде Клубтар (командалар) ӘФБ Ойыншылардың, бапкерлер мен команданың өзге де мамандарының қолы қойылған ЕК-ның берілгені туралы ведомостың түпнұскасын жеткізулері қажет.

Клубтың (команданың) кезкелген мерзімде ЕК тіркеуді және Ойыншының ауысу шарты туралы трансферлік келісім-шартын іске асыруына болады.

Ойыншыларды мәлімдеме парағынан алып тастау және басшылық, бапкерлік құрамдағы өзгерістер Клуб жетекшісінің ресми хаты негізінде маусым бойы ӘФБ тіркеледі.

Ойыншыны немесе ресми тұлғаны алып тастау жағдайы туындағанда Клуб (команда) үш күн ішінде ӘФБ оның куәлігін тапсырулары керек. Клубтың басшылығы мен бапкерлер құрамы жарыс кезінде тізімге қосымша енгізілуі мүмкін.

Ойыншының трансферін (ауысымын) тіркеу үшін бір жылда екі трансферлік ауысым тіркеуі белгіленген:

ҚР Чемпионаты:

1-ші кезең – 15 қаңтардан маусымның Чемпионаты басталғанға дейін жалғасады.

2-ші кезең – екінші кезеңнің бірінші туры басталғанға дейін (төрт апта).

Тапсырыс беру ақыларын төлемеген Клуб (команда) немесе төмендегідей қарызы бар командалар:

- ҚФФ Заңды органдарының салған айыппұлдарын;

- өз қызметкерлеріне және басқа да төлемдер бойынша;

- трансферлік келісім-шарт бойынша қарызы бар командалар мәлімдеуге құжаттарын рәсімдеуге жіберілмейді.

Қаржылық шарттары

Мәлімдеу ақысы тек ҚФФ жарыстарына қатысуға ғана құқық береді және ақыл-кеңес беру, өзге де қызметерге жатпайды.

Мысалы, 2010 жылғы ҚР Чемпионаты мен Кубогінің бірінші кезеңіне қатысудың мәлімдеу ақысы 250000 теңгені, Чемпионаттың екінші кезеңінің мәлімдеу ақысы 145000 теңгені құрайды.

Клубтар (командалар) мәлімдеу ақысын келесі мерзімде төлейді:

1-ші кезең:

Сол жылдың 1-ші сәуіріне дейін мәлімдеу ақысының 100 пайызын;

2-ші кезең:

маусым айының 30-дейін мәлімдеу ақысының 100 пайызын.

Команданың жарысқа қатысу кезіндегі болатын барлық шығындарын Клуб (команда) төлейді. Аталған шығындарға жататыны:

- жарысты ұйымдастыру мен өткізуге кететін шығындар;

- матчқа төрелік және инспектрлік етуді іске асыру шығындары, яғни матчқа төрелік ету мен инспектрлік қызметтерінің шығындары;

- төрешілер мен инспекторлардың жарыс өткізілетін орынға жетуі, олардың қалада тамақтануы мен орналасуы секілді шығындар[26].

Алғашқы екі пунктте көрсетілген шығындар ҚФФ-ға Клубтың (команданың) арнайы негізделген ақылар төлеуі арқылы іске асырылады.

Төрешілер мен инспекторлардың еңбекақысы мен оларды есептеу ҚФФ-ның Ресми пунктіне сәйкес матч басталатын күні сағат 12:00 дейін Клубтың (команданың) есебінен іске асырылуы керек. Шығындарды төлеу бойынша талаптарды орындамаған Клубқа (команда) қатысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкция қолданылады.

Чемпионаттың матчтарында қызмет ететін төрешілер мен инспекторлардың жолақысын теміржол көліктері арқылы іске асырады.

Клуб төлемдерді белгіленген мерзімге дейін іске асырмаған жағдайда Клубқа қатысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкциялар қолданылады.

Маусым барысында қосымша шығындарды пайда болуы, сондай-ақ инфляцияға байланысты Атқару комитеті төлемдердің сомасын ұлғайтуға құқылы.

Клуб жарысқа қатысушылар санатынан шығып қалған жағдайда ҚФФ алдын-ала төленген ақылары қайтарылмайды және ҚФФ жарғылық мақсаттарына жұмасалады.

Барлық төлемдер, айыппұлдар Ұлттық банктің курсы бойынша теңгемен төленеді.

Тәртіпке келтіру санкциялары

Клубтарға (командаларға), Ресми тұлғаларға, Ойыншыларға және футболдағы өзге де тұлғаларға қатысты тәртіпке келтіру санкциялары барлық жарысқа қатысушылардың құқықтарына шынайы және құрметпен қарай отырып, ҚФФ-ның Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес Заңды органдармен қолданылады.

Мәселелерді қарастыру тәртібі және санкция беру, сондай-ақ санкция тізімдері Тәртіпке келтіру регламентімен реттестіріліп отырады.

Тәртіпке келтіру регламентімен қарастырылмаған мәселелер бойынша шешім қабылдау FIFA және UEFA нормалары, ҚР заңнамаларына сәйкес Заңды органдармен қарастырылады.

ТБК-ның шешімдерін қайта қарау өтініштерін Тәртіпке келтіретін регламенке сәйкес Апелляциялық комитетте іске асырылады.

Келіспеулер

Келіспеулер сол Регламенттің матчты өткізу бөлігінде ойынның Ережесі сақталмаса немесе ереже бұзылумен байланысты фактілерге (шара қолдану немесе қолдану) берілуі мүмкін.

Келіспеулер ТБК-да қарастырылады. Келіспеу өтінішін беру және қарастыру тәртібі Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес реттестіріледі.

Келіспеу өтінішінің көшірмесі ӘФБ жіберіледі.

Келіспеу хатын тек Клуб (команда) ғана бағыштай алады.

Төрешінің ойын кезіндегі эпизодтарына байланысты келіспеушіліктер қабылданбайды.

Команданың уақытылы берілмеген шағымдары, сондай-ақ ҚФФ-ның есебіне 15000 теңге көлеміндегі ақшалай төлем қамтамасыз етілмеген жағдайда Клубтың (команданың) келіспеушілік шағымдары қабылданбайды. Келіспеу шағымы негізді деп табылған жағдайда, Клубтың (команданың) төлеген ақылары толығымен қайтарылады. Ал келіспеу

шағымы қанағаттандырылмаған жағдайда Клубқа (командаға) төлемақы қайтарылмайды.

Командалардың орындарын анықтау

Чемпионат барысындағы және ол аяқталғаннан кейінгі командалардың орындары барлық ойындарда жиналған ұпайлар сомасымен анықталады. Жеңіс үшін 3 ұпай, тең ойынға 1 ұпай, жеңіліске ұпай берілмейді.

Чемпионат қорытынды бойынша ең көп ұпай жинаған команда бірінші орын алады. Ал Атқару комитетінің қорытындылары бекітілген соң «Қазақстан Республикасының футболдан әйелдер командалары арасындағы Чемпионы» атағы жарияланады.

Екі немесе оданда көп командалар арасындағы ұпай тең болған жағдайда Чемпионат кестесіндегі қорытынды орын былайша анықталады:

- барлық матчтардағы ең көп жеңістер саны бойынша;
- өзара ойналған ойынның нәтижесі бойынша (ұпай саны, жеңіс саны, соғылған және жіберілген доп айырмашылығы, соғылған доп саны, сырт алаңда соғылған доп саны);
- барлық матчтардағы соғылған және жіберілген доптардың үздік саны бойынша;
- барлық матчтарда соғылған доп саны бойынша;
- барлық матчтарда сырт алаңда соғылған доп саны бойынша.

Барлық аталған көрсеткіштер тең болған жағдайда командалардың орындары жеребемен анықталады.

Бірінші кезеңде алған ұпайлары ескеріле отырып, командалар екінші кезеңге өтеді.

Марапаттау

Чемпионатта бірінші орын алған Клубқа (командаға) «Қазақстан Республикасының Чемпионы» атағы беріледі. Клуб (команда) ескерткіш жүлде және дипломмен марапатталады.

Сондай-ақ, команданың Ойыншыларына да «Қазақстан Республикасының Чемпионы» атағы беріліп, алтын медаль және ҚФФ дипломдарымен марапатталады.

Команданы сәтті даярлағаны үшін Клубтың (команданың) жетекшілері мен мамандары алтын медальмен және ҚФФ дипломдарымен марапатталады.

Чемпионатта екінші және үшінші орын алған Клубтар (командалар) ҚФФ дипломдарымен марапатталады.

Клубтың (команданың) басшылары, Ойыншылар және команданың мамандары күміс және қола медальдармен, ҚФФ дипломдарымен марапатталады.

Клубта марапатталатын адамдардың жалпы саны 30-дан аспауы керек.

ҚР Кубогінде жеңіске жеткен команда өтпелі жүлде және ҚФФ дипломдарымен, ал ақтық сайысқа шығушы команда ҚФФ дипломымен марапатталады.

Клубтың басшылығы, футболшылар мен мамандар ҚФФ дипломдарымен марапатталады.

Марапаттауға аталған жарысқа қатысқан Ойыншылар қатысады.

Клубтар (командалар) өздеріне берілген жүлденің сақталуына және бүлінбеуіне жауапты.

Ерекше жағдайлар

Аймақтық және жергілікті федерациялардың регламенттері аталған Регламенттің және ҚФФ нормативтік құжаттарына қайшы келмеуі керек.

Чемпионат пен Біріншіліктің күнтізбесі ҚФФ меншігі болып табылады. Клубтар күнтізбені жарнамалық, коммерциялық мақсаттарда аталған құқықтарды басқаларға бермей, пайдалануларына болады.

Матчтар FIFA-мен анықталатын «Fair play» қағидаға сәйкес өткізіледі.

Клубтар ҚФФ жарысты өткізу ережелеріне сәйкес, өз командаларының жастарының жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. ҚФФ ұйымдастырған жарысқа қатыспаудың әр жағдайына қарай Клубқа қатысты Тәртіпке келтіру регламентіне сәйкес санкция қабылданады.

UEFA-ның ресми жарыстарына қатысатын командалар ҚФФ-на үш дана құжаттар мен жарнамалық материалды (келісім-шарттарының басталуы мен аяқталуы көрсетілген команданың құрамының тізімі, туған күні, айы, жылы; Ойыншының ойын амплуасы, бойы, салмағы,

сондай-ақ команданың суреті, жетекші ойыншылардың өмірбаяны, Клубтың белгісі) беруге міндетті.

Шетелдерде оқу-жаттығу жиындарын өткізетін Клубтар, олардың өткізілетін мерзімі мен орны туралы Қазақстан Республикасы футбол федерациясы жазбаша түрде хабарлаулары керек.

Қазақстан Республикасы футбол федерациясы матч кезінде Ойыншыны допингке тексеруі мүмкін.

Қазақстан Республикасы футбол федерациясы өткізген спорттық нәтижені кезкелген себеппен қайта қарауға, оларды Атқару комитеті бекітіп қoған соң рұқсат берілмейді.

Аталған Регламентпен қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасы футбол федерациясының өкілетті органдарымен реттестіріледі.

Арнайы ережелер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы футбол федерациясы FIFA және UEFA-да қолданыстағы нормаларға сәйкес әрекет етеді.

Аталған Регламенттің ережелері, ол бекітілген сәттен бастап, келесі Регламент қабылданғанға дейін іс жүзінде қолданылады.

Аталған Регламенттің ережелерінің кері күші жоқ және оны іс жүзінде қолданысқа енгізгеннен кейін пайда болған жағдайларға қолданылмайды.

Әйелдер командалары арасындағы Қазақстан Республикасының Кубогіне («Қазақстан

Республикасы Кубогі») қатысуға Клубтар, сондай-ақ жастары 17-ге толған ОРСБЖМ командалары, спорттық интернаттар, обылыс пен қаланың құрамалары жіберіледі.

Клубтар (командалар) ӘФБ-қа өзінің Қазақстан Республикасы Кубогіне қатысуы жөніндегі жазбаша хатын жарыс басталарға 20 күн қалғанға дейін факс бойынша жіберулері керек.

Қазақстан Республикасы Кубогінің өткізілу құрылымы команданың қатысуы анықталған соң белгілі болады.

Қатысушылар мен мәлімдемені рәсімдеу тәртібі

Жарысқа қатысатын команда Қазақстан Республикасы Кубогі өткізілетін орынға басталуға бір күн қалғанда келулері керек.

Қазақстан Республикасы Кубогіне қатысуға келген командалар ӘФБ өкіліне белгілі пішінде мәлімдеу парағын, ойыншыларды қайғылы жағдайлардан сақтандыру куәлігін, паспорттары мен жеке куәліктерінің көшірмелерін тапсырады.

Матчтың ұзақтығы: 45 минуттан екі тайм, тайм арасындағы үзіліс 15 минут.

Қаржылық шарттар

Футбол клубтары Қазақстан Республикасы Кубогіне қатысумен байланысты шығындардың барлығын өздері төлейді.

Марапаттау

Қазақстан Республикасы Кубогін жеіп алған команданың ойыншылары мен бапкерлері өтпелі жүлде және дипломмен марапатталады.

Қазақстан Республикасы Кубогінің ақтық сайысына қатысқан команданың ойыншылары мен бапкерлері дипломдармен марапатталады.

Жалпы алғанда, біз ойын тәжірибесінің болмауына, өтпелі кезеңнің объективті қиындықтарына қарамастан, қысқа мерзім ішінде егемен мемлекеттің төл біріншілігін өткізе алдық.

Бүгінгі таңда бұл міндет ойдағыдай жүзеге асырылды деп айтуға болады. Қазір елімізде отандық футбол мектеп жүйесі толық қалыптасты.

Дегенмен шешімін таппай отырған мәселелер де баршылық. Қазіргі уақыттағы шешімін таппай отырған мәселелердің бірі жасөспірімдердің денсаулығының дайындығы мәселелері.

Бұл мәселелердің орталықтанған республикалық орталығымен қатар, әрбір 14 облыста аймақтық дәрежеде шешетін орталықтары болуы тиіс. Әрбір аймақта әкімдер өзінің шешімімен футбол мектептері дайындық міндеттерін белгілеуі тиіс. Оларға:

- қала мен аудандар атқару органдарында жастармен жұмыс істейтін маман енгізу;

- Облыстық спорт басқармасымен білім беру бөлімдеріне, жастармен бастапқы бұқаралық жұмыстарды үйлестіретін және қадағалайтын маман лауазымын енгізу;

- Білім беру мекемелеріне денешынықтырудан сабақ беретін мұғалім-ұйымдастырушылар, сонымен қатар әдістемелік дайындықты ұйымдастыратын мамандар қабылдау;

- медициналық-санитарлық дайындық бойынша мұғалімдер алуын қамтамасыз ету;

- білім беру ұйымдарының футболды өткізу оқу-материалдық базасын қалыпқа келтіруде шараларын қадағалау.

- Әр қала мен аудандарда футбол ойынын жастарды әскери патриоттық рухта тәрбиелеу шараларын өткізу жоспарларын жасап, жастармен тәжірибелі денешынықтыру мамандары болуы тиіс.

Футбол ойыны отан қорғауда қорғаныс пен шабуылдаудың негізгі құралы ретінде, қосар үлесі мол. Ол адам бойында шыдамдылық пен төзімді, үлкен мен кішіге қамқор болуға тәрбиелейді.

Тек қана спорт түрі ретінде ғана емес, Қарулы күштегі негізгі құралдардың бірі ретінде бағаланады. Қазіргі таңдағы спортшылардың жетістігі, Қазақстандықтардың арасында бұл спорт түрінің кенже дамымағандығын дәлелдесе, оны насихаттау арқылы, тек қана спортшыларды ғана емес, бұқара халықтың өзін-өзі қорғау, тәрбиелеу жұмыстарын қамтамасыз етеді[27,28,29].

Спорттық кешендердің міндеті сапалы маман және дені сау ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол мамандар өз кезегінде жалпы ұлттың салауатты болуына өз ықпалын тигізеді. Футбол ойыны

жастардың денсаулығын арттырушы негізгі фактор болып табылады.

2 Қазақстан әйелдер футболының халықаралық аренада алатын орны

2.1 Қазақстан ұлттық құрамасының халықаралық деңгейдегі ресим ойындары

Қазақстан Республикасының әйелдер құрамасы 2011 жылғы әлем чемпионатыны іріктеу турнирі шеңберіндегі кезекті матчтарын өткізді.

Швейцарияның Фрибург қаласында біздің қыздар Швейцария құрамасына 8:0 есебімен ұтылып қалды. Соның арқасында Швейцария құрамасы өзінің тобында бірінші орынға шықты. Біздің құрама 25 тамыз күні іріктеу ойындарының қорытынды кездесуін өткізеді. Ресейдің Красноармейск қаласында біздің қыздар Ресейдің құрамасымен кездеседі.

Швейцария – Қазақстан 8:0 (5:0)

Гол соққандар: Црногорчевич 4 (1:0), Цумбюль 7 (2:0), Мозер 11 (3:0), Црногорчевич 27 (4:0), Црногорчевич 44 (5:0), Мозер 56 (6:0), Црногорчевич 57 (7:0), Црногорчевич 77 (8:0).

Швейцария: Брэннер, Бетшарт, М. Келлер, Мозер (Л. Келлер 72), Мандли (Мехмети 63), Цумбюль, Дикенманн (к), Црногорчевич, Беней, Аббе (Штайн 46), Ремюн.

Қазақстан: Саратовцева, Жанатаева, Жолчиева, Киргизбаева (к), Красюкова, Ялова, Карибаева, Ли (Алимкулова 55), Бисембаева (Иванова 46), Столповская, Бирваген (Бабшук 84).

Төреші: К. Веструм-Педерсен (Норвегия)

21 тамыз. Фрибур. «Сан-Леонар».

Қазақстан Республикасының қыздар құрамасы (U-19) Еуропа чемпионатының 2010/2011 іріктеу турнирінде өнер көрсетуді аяқтады. Алғашқы іріктеу ойындарында біздің қыздар 5-ші топта Македония, Швейцария және Польшаның құрамаларымен қарсылас атанды. Топтық ойындар Македонияның

Струмица қаласында өтті. Айтбай Жамантаевтың жетекшілігімен ойнаған Қазақстан құрамасы өз тобында төртінші орын алып, одан кейінгі жарыс жолына шығу құқығынан айырылды.

Кесте-3. Топтық кездесудегі көрсеткіштері

р / с	Команда	Ойын	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
1	Швейцария	3	3	0	0	11-2	9
2	Польша	3	2	0	1	8-5	6
3	Македония	3	1	0	2	5-7	3
4	Қазақстан	3	0	0	3	1-11	0

Ойын көрсеткіштері:

11 қыркүйек

Польша – Қазақстан 5:0 (3:0)

Гол соққандар: Адамска 10, 29, Шыманска 43, Фрачек 64, 80.

Польша: Дабек (к), Адамска (Ковальски 60), Кашубьяк, Вишневска, Шыгенда, Шыманска (Фрачек 46), Шывалска, Волосевич (Нисински 46), Чожновска, Стржепек, Лихтенштайн

Қазақстан: Сандалова, Нурушева, Петрушина (Литвинова 52), Омиртаева, Волкова (к), Вылданова, Балакаева (Сембаева 65), Тампышева, Николаенко (Омарова 80), Турдыева, Айтымова

Судья: Б. Норман (Дания)

Струмица. «Турново»

Қазақстан Республикасының әйелдер ұлттық құрамасы 2011 жылғы әлем чемпионатына іріктеу ойындары аясында Астанада Израильдің құрамасын қабылдады. Бұл Қазақстан құрамасының молдавандық маман Евгений Пусиковтың бастауымен өткізген алғашқы матчы болатын. Ал оның қарсыласы Мейр Нахмис (яғни, израилдіктердің бапкері) екі айлық дисквалификацияда болдығандықтан, ол ойынды жақүйерлермен бірге отырып тамашалады. Команданың әрекеттерін оның көмекшілерінің бірі – Леон Бежерано басқарды.

Матчтың тағдырын алаңға қосалқы құрамнан қосылған Даниэль Шоирдың 71 минутта соққан жалғыз голы шешіп кетті. Қорғаушылардан допты қабылдаған Даниэль Ирина Саратовцеваға қарсы шығып, қақпаның ашық тұрған бұрышына уақытылы бағыттай алды. Сонымен бірге, бұл қарсыластардың жасған жалғыз ғана өткір шабуылы болғандығын атап өтуіміз керек. Біздің қыздар көбірек шабуылдағандарымен, оларға сәттілік жетіспей жатты[30].

Бірінші тайм салыстырмалы түрде алғанда тең күрес жағдайында өрбіді, тек тайымның соңына қарай Бегайым Қырғызбаеваның алыстан бағыттаған соққысы қарсы қақпада қауіп төндірдігені болмаса, гол соғылған жоқ.

Біздің бапкерлердің айтқан түзетулерінен кейін команданың шабуылы 2-ші таймда жандана түсті. Мәселен, 51-минутта қапталдан көтерілген допты Мария Ялова баспен қақпаға бағыттай алды. Қақпамен екі ара тым жақын болғандығына қарамастан, қақпашы Мерав Шамирдың керемет шеберлігінің арқасында доп қақпаға дарымады.

Сонан соң 2 минуттан кейін Қырғызбаева өткір бұрыштан соққы жасап, Шамирдың шеберлігі тағыда жоғарыдан көрінді. Тағы 2 минуттан кейін Ялованың төмендете тепкен добы Шамирдың қолынан табылды. Осылайша жалғасқан тартысты ойынның тағдырын 71 минуттағы Шоирдың голы шешіп кетті. Ойынды құтқарып қалудың соңғы мүмкіндігі 89 минутта орын алды. Айып алаңынан 2 метр жерден қақпаның орта тұсынан жасған Ялованың соққысы қақпадан жоғары кетті.

Одан кейінгі ойында Қазақстан құрамасы 23 маусым күні Швейцария құрамасына қарсы өткізді.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Евгений Пусиков:

"Ойыншыларға қояр кінәм жоқ. Бірінші тайм тең жағдайда өтсе, екінші тайымда біз басымдылықта болдық. Алайда, жеңіске қарсылас команда жетті".

Израиль құрамасының бас бапкері Мейр Нахмиас: "Бірінші кезекте, қазақстандықтардың бізді жылы шыраймен қарсы алғанына алғысымды білдіремін. Ал футбол стадионын айтсаңызшы. Ойын біз күткендей, қиын жағдайда өтті. Бізге жеңіс аудай

қажет еді және осы міндетті іске асырғанымызға қуаныштымын".

Қазақстан – Израиль 0:1 (0:0)

Голды соққан: Шоир 71.

Ескерту алған: Туиль 27

Қазақстан: Саратовцева, Киргизбаева (к), Столповская, Ялова, Идиатулина, Мясникова (Красюкова 46), Карибаева, Иванова, Ли (Бабшук 80), Бирваген (Жанатаева 66), Жолчиева

Израиль: Шамир, Равиц, Саде (Стен 56), Редман, Туиль, Фридман, Ерез, Фалкон (Сендель 53), Баркуи, Эни (к), Й. Коен (Шоир 65)

Төрешілер: Муларчик, Дабровска, Войс (барлығы да Польшадан)

Астана. «Астана Арена». 2 000 жанкүйер.

Біздің құрама алғаш рет мықты қарсыласпен кездесті. Осыған дейін біздің команда осындай ірі есеппен ешкімге ұтылмаған болатын. Әрине, кейде жеңіліс, жеңістен гөрі пайдалы болуы мүмкін. Бұл ойын біздің қыздар үшін үлкен сабақ болды. Бүгін олар футболды қалай ойнау керек және қалай жеңіске ұмтылу керек екендігін көрсетті. Қай жағынан алғанда да Ресей құрамасы біздің құрамадан жоғары тұрды.

Қазақстан – Ресей 0:6 (0:2)

Гол соққандар: Курочкина 42 (0:1), Савченкова 44 (0:2), Терехова 52 (0:3), Курочкина 56 пенальти (0:4), Курочкина 71 пенальти (0:5), Курочкина 89 (0:6)

Ескерту алғандар: Мясникова 70, Бабшук 73, Шмачкова 72

Қазақстан: Саратовцева, Красюкова, Киргизбаева (к), Столповская, Ялова, Бабшук (Жанатаева 73), Мясникова, Карибаева (Идиатуллина 46), Иванова, Ли (Бирваген 46), Жолчиева

Қосалқы құрам: Шойкина, Алякина, Бисембаева, Мальшакова

Ресей: Кочнева, Шмачкова (Перцева 75), Цыбутович, Кожникова, Порядина, Скотникова, Петрова (Рогова 75), Терехова (Степаненко 60), Морозова, Савченкова, Курочкина

Қосалқы құрам: Важнова, Сочнева, Сулова, Харченко

Төрешілер: Бонин, Николоси, Газелин (барлығы да Франциядан)

Талдықорған. «Жетісу».

Ресей құрамасының бас бапкері Игорь Шалимов:

«Біз бұл ойынға өте мұқият, қарсыласқа деген құрметпен дайындалдық. Ешқандай да қарсыласты менсінбеушілік деген болған жоқ. Осыған дейін Қазақстан құрамасы үш ойын өткізген болатын және үшеуі де тартысты жағдайда өтті. Қазақстан құрамасы тек бір доп айырмашылығымен ұтылып жатты. Тіпті Ирландиямен болған ойында шешуші голды 87-минутта жіберіп қойды. Мен өзімнің құраманың қыздарының ойындарына ризамын. Қарсыластың қақпасына соғылған жауапсыз алты

доп, біздің елдің ойынының жақсы деңгейде кендігін көрсетеді».

Қазақстан - Ирландия 1:2 (1:0).

Голды соққандар: М. Ялова 6 (1:0), Роуч 64 (1:1),
Трейси 70 (1:2)

Ескерту алған: Фехи 62

Қазақстан: Саратовцева, Мальшакова (Жолчиева 72), Красюкова Киргизбаева, Столповская, Идиатулина, Иванова, Ли, Бирваген, М. Ялова, Карибаева (Жанатаева 67)

Ирландия: Бёрн, М-Х. Макдоннелл, Фехи, Грант, О'Горман, Тейлор, Кёртис (Трейси 20), Хьюз (Коннор 90+2), Кёртин (Расселл 46), Ш. Макдоннелл, Роуч

Төреші: К. Хейкинен (Финляндия)

29 қазан. Талдықорған. «Жетісу». 1 100 жанкүйер
14 қазан 2009 жыл

Абовянда өткен алғашқы кездесуде Борис Емелиннің командасына қарсы эстондық қыздар өнер көрсетті. Ойынның 21-минутында біздің команданы Бегайым Қырғызбаева алға шығарса, 7 минуттан кейін қарсыластардың капитаны Анастасия Морковина есепті теңестірді. Одан кейін екі команданың ойыншылары да өз командасын алға шығаратын бірнеше сәттерді мүлт жіберді. Ойын тең нәтижемен аяқталады деп тұрған кезде, эстондық Катрин Лоо жеңіс добын соқты.

Осыған дейін турнир иелерін 3:0 есебімен ұтқан болатын. Сондықтан да, Армения-Қазақстан құрамаларының арасындағы ойын топтағы екінші орын жүргізілді. Бұл жолы біздің құраманың ойыншылары өздерінің гол соғу мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, Армения құрамасын 2:0 есебімен тізе бүктірді.

Армениядағы әйелдердің халықаралық турнирі (Абовян, стадион «Абовян»)

12 мамыр

Армения-Эстония 0:3

Гол соққандар: Морковкина (2), Аарна

14 мамыр

Эстония -Қазақстан 2:1 (1:1)

Гол соққандар: Киргизбаева 21 (0:1), Морковкина 28 (1:1), Лоо 77 (2:1)

Қазақстан (негізгі құрам): Саратовцева, Красюкова, Столповская, Бисембаева, Е. Ялова, Максименко, Иванова, Карибаева, М. Ялова (к), Попова, Киргизбаева

Ойыншыларды ауыстыруға шыққандар: Алякина, Идиатулина, Курбанова, Жанатаева

16 мамыр

Армения- Қазақстан 0:2 (0:0)

Гол соққандар: Киргизбаева 49 (0:1), Карибаева 90+1 (0:2)

Қазақстан (негізгі құрам): Саратовцева, Красюкова, Бисембаева, Максименко, Алякина, Идиатулина, Иванова, Карибаева, М. Ялова (к),

Жанатаева, Киргизбаева

Ойыншыларды ауыстыруға шыққандар: Е. Ялова, Самоследова, Курбанова

4-кесте. Қортынды кестесі

Команда	Ойын	Ұт	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
Эстония	2	2	0	0	5-1	6
Қазақстан	2	1	0	1	3-2	3
Армения	2	0	0	2	0-5	0

Қазақстан Республикасының құрамасы Люксембургте өткен турнирде жеңіске жетті.

Қазақстанның әйелдер ұлттық құрамасы Люксембургте өткен УЕФА-ның турнирінің жеңімпазы атанды. Біздің қыздар үш матчтың екеуінде жеңіске жетіп, Люксембург, Латвия және Фарьер аралдарының құрамаларын артта қалдырды.

Құраманың бас бапкері Борис емелин: «Турнир өте пайдалы болып шықты. Біз тағы да бірге жиналып, ойын тәжірибесін жинақтадық, өзіміздің болашақта кездесетін қарсыластарымызбен бетпе-бет кездестік.

Команданың алғашқы екі ойындарына ризамын. Ал үшінші ойында ірі жеңіске жеткендерімен,

ойындары нашар болды. Жартылай қорғаушының қызметін атқарған команданың жаңа ойыншысы Олеся Лукина жақсы ойын өрнегімен көрінді.

Сонымен қатар, команда капитаны Марина Ялованың жақсы ойнағандығын атап өткен дұрыс. Ол бірінші ойында жарақат алғандығына қарамастан, ойынын жалғастырып, өзін жақсы жағынан көрсете білді», – деп атап өтті.

5-кесте. Қортынды кесте

Команда	Ойын	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
Қазақстан	3	2	1	0	8-0	7
Фарер аралдары	3	2	1	0	8-4	7
Люксембург	3	1	0	2	5-7	3
Латвия	3	0	3	2	2-12	0

Ойын нәтижелері:

10 мамыр

Фарер аралдары – Қазақстан 0:0

Қазақстан: Железняк, Щуренко, Киргизбаева, Столповская, Красюкова, Мерещенок, Иванова, Лукина, Карибаева (Идиатулина 82), Ли, М. Ялова

Люксембург – Латвия 3:0

12 мамыр

Қазақстан – Люксембург 3:0

Гол соққандар: М. Ялова 39, 59, Ли 41

Қазақстан: Железняк, Щуренко, Киргизбаева, Столповская, Красюкова, Мерещенок, Иванова, Лукина, Карибаева (Алякина 72), Ли, М. Ялова (Бирваген 83)

Фарер аралдары – Латвия 4:2

15 мамыр

Қазақстан – Латвия 5:0

Гол соққандар: Мерещенок 5, 67, Иванова 28, Галимова 38, Киргизбаева 77

Қазақстан: Железняк, Щуренко, Киргизбаева, Столповская, Красюкова, Мерещенок, Иванова, Лукина (Тетерина 31), Карибаева (Галимова 29), Ли (Е. Ялова 73), М. Ялова

Фарер аралдары – Люксембург 4:2

Әйелдер құрамасының Азия турнирындағы Қазақстан әйелдер құрамасы ойындары нәтижелері

Азия кубігі 1995 ж.

Малайзия

Ойын №1

Қазақстан - Гонконг 0:0

Ойын № 2

Қазақстан - Филиппины 0:0

Ойын № 3

Қазақстан - Китай 0:7

Азия кубігі 1997 ж.

Қытай

Ойын № 4

07.12.97. Гуанчжоу.

Қазақстан - Корея 0:11 (0:6 – бірінші тайм)

Ойын № 5

09.12.97. Гуанчжоу.

Қазақстан - Тайвань 0:6 (0:3)

6-кесте. С тобы жағдайы

Команда	Ойын	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
Тайвань	2	2	0	0	7-0	6
Корея	2	1	0	1	11-1	3
Қазақстан	2	0	0	2	0-17	0

Азия кубігі 1999 ж.

Филиппин

Ойын № 6

07.11.99ж.

Қазақстан - Гонконг 8:0 (2:0)

Голдар: Ялова 24, 72, Булатова 41, 67, 79,

Шаркина 63, автогол 88, Михайлова 89

Ойын № 7

09.11.99 ж

Қазақстан - Корея 0:6 (0:3)

Голдар: Канг Сунг Ми 14, Ли Мюнг Хва 18, Чой

Юн Хи 37, Галимова 67 автогол, Квон Мин Джу 79, 82

Ойын № 8

11.11.99ж

Қазақстан - Қытай 0:9 (0:4)

Голы: Джин Ян 10, 69, Ли Юнг 18, 22, 25, 55, 86, 90, Ванг Липинг 79

Ойын № 9

15.11.99 ж

Қазақстан - Гуам 8:0 (3:0)

Голдар: Ялова 5, 15, 17, 60, 64, Тетерина 72, 83, Шаркина 89

7-кесте. В тобы жағдайы

Команда	Ойын	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
Қытай	4	4	0	0	41-2	12
Корея	4	3	0	1	33-5	9
Қазақстан	4	2	0	2	16-15	6
Гуам	4	1	0	3	2-34	3
Гонконг	4	0	0	4	0-36	0

Ойын № 10

Жолдастық кездесу

Эстония – Қазақстан 1:3

Голдар: Ялова - 2, Тетерина

Әлемдік тәжірибе бойынша ұлттық құрамалар немесе кәсіптік футбол клубтары нақты бір жүйеге сүйеніп ойын өрнегін көрсетеді. «Ойын жүйесі» анықтамасын негізге ала отырып, келесі сұрақтарды қоюға болады: ежелгі футболдың даму дәуірінде

ойын жүйесі болды ма? Болса, ол қандай болды? Ал болмаса, онда алғашқысы қашан пайда болды?

Жүйесіздік жүйесі бұрынғы футбол қазіргі футболдың алғашқы нұсқасы болып саналады. Әдетте екі ауылдың жастары кездесетін. Ойынның мақсаты – допты қарсыластың алаңынан алып өтіп, допты қақпаға «енгізу». Сол ойындарды көз алдымызға елестететін болсақ: алыс-жұлыс ойын және ең бастысы арлы-берлі жүгіру. Ала шаңның ортасында – доп (қазіргі уақыттағы аула балаларының ойынына ұқсас).

Егер ойыншылардың біріне допты қарсыластың қақпасына бағыттауға мүмкіндігі болса, қалғандары «өзіңі алдың ба - жүгір» қағидасы бойынша доптың соңынан жүгіретін болды.

Қазіргі күндері де «ежелгі футболды» байқауға болады. Ағылшындардың Ашборн және Эливик қалаларында бұрынғының дәстүрін силайтын жастар жылына бір рет «жаппай футбол» түріндегі ойынды ойнады. Әрине ол ойындарда ешқандайда жоспарлы ойын, тактика деген атымен болған жоқ. Ойыншылардың белгілі орындары, бірігіп шешетін міндеттері болған жоқ. У-шу топырлаған жүгірістен қазіргі түсініктегі ойын жүйесі байқалмады. Ол жерде жүйесіздік «жүйесі» басшылықта болды.

Қазіргі жүйенің алғашқы іздері Ойынды жүйелендірудің алқашқы белгілері өз күштерін үнемдей білу, алға мақсат қою қажеттіліктері пайда болып, ұжымдаса әрекеттесумен байқала бастады.


Ойыншылар допты беталды тебе салмай, өзінің командаласына дәлірек бергенде, алға қойған мақсатқа жетуге болатынын түсіне бастады және допты дәл берудің арқасында күшті үнемдеуге болатындығын түйсінді.

Футболдың одан әрі дамуы, ойыншылардың ең бірінші кезекте қарсыластың қақпасына доп соғу, екіншіден өзінің қақпасына доп жібермеу керектігін пайымдаумен ілгерлей бастады. Бұл жерде қазіргі түсінікте ойынды жүйелендірудің алғашқы қадамдарын байқауға болады. Шешілуі керек міндеттердің сапасына келер болсақ, ойыншылар екіге бөлінді: біреулері қарсыластың қақпасын шабуылдаса, екіншілері өздерінің қақпасын қорғауға тырысты.


«Қорғаныс - шабуыл» тепе-теңдігін орнатқанға дейінгі жүйенің дамуы 1863-жылы ойын жүйесінің дамуы қарқынды жүрді: футбол (яғни, допты аяқпен домалату) регбиден бөлініп шықты (регбиде қолмен ойнауға болады). Сонымен қатар, футболдың алғашқы ережелері пайда болып, қазіргі уақытқа дейін сақталып келгендей – алаңда 11 адам ойнайтын болды және алаңның пішіні мен көлемі анықталды. Сол уақыттарда қабылданған футбол ойынының ережесі, оның дамуына көп ықпал етті.

Қазіргі футболдың отаны болып саналатын Англияда уақыт өте келе, өз күшін үнемдеп ойнайтын қазіргі заманның ойыны қалыптаса бастады деп болжауға болады. Жүйе

шабуылшылардың, сондай-ақ саны аз қорғаушылардың белгілі міндеттерін анықтап берді. Ол жүйе бойынша қарсыластың тоғыз шабуылшысына қақпашы мен қорғаушы қарсы тұрды (1-сурет).



1-сурет



2-сурет

Егер қазіргі заманның көзқарасымен қарасақ, сол уақыттағы футболшылардың осылайша орналасуы мен техникалық және тактикалық ойын деңгейлеріне таңдануға болады. Бір қарағанда мұндай ойын жүйесімен ойнау мүмкін емес сияқты болып көрінгенімен, бұл жағдайды сол уақыттағы ойыншылардың техникалық және тактикалық


әлсіздігімен түсіндіруге болады. Сірә, ол уақыттағы футболшылар қарапайым ұжымдық ойын дегенді білмеген болулары керек. Тек қана қорғаушы мен шабуылшының екеуара сайысын көз алдымызға елестетуге болады.

Ойыншылардың шеберлігінің өсуі шабуыл тактикасының қорғаныс тактикасынан басым түсуі, қорғаушылардың қорғанысты жақсы ұйымдастыруға мәжбүр болу заңдылығына әкеліп соқты. Ойын жүйесі тағы да өзгерді. Қақпашы мен қорғаушы шабуылшылардың жаңа тактикалық жүйелеріне (сол уақыттағы) тойтарыс бере алмады. Шабуыл шебін көп әлсіретпей, олардың ішінен екі ойыншыны (қазіргі түсінік бойынша жартылай қорғаушылар) артқарақ тартуға тура келді. Олар (хавбектер) қақпашы мен шабуылшылардың ортасында әрекет етті.

Ойыншылардың осы жүйемен орналасуы көп уақытқа дейін сақталды. Қақпаны қорғайтын үш ойыншы біраз уақытқа дейін жеті шабуылшыға қарсы қауқар көрсете алды. Алайда ойын жалпы ойын және шабуылдағы ойын үздіксіз даму үстінде болды. Форвардтар қорғаушылардың шебінен жиі қателіктер тауып, сәтті өнер көрсете бастады.

Дегенмен 1886 жылы қорғаушыларға көмек ретінде «ойыннан тыс қалу» ережесі енгізілді: ол кезде алаң ортасынан алға доптан бұрын шығып кеткен әрбір ойыншы ойыннан тыс қалған болып саналды.

Футбол ойыны жүйесінің одан әрі дамуына шотландықтар әсер етті. Олардың ойын жүйесі бойынша (ағылшындықтардан ерекшелігі) қақпашы мен алты шабуылышының арасына екі қорғаушы мен екі жартылай қорғаушылар орналасты (3-сурет). Қазіргі уақытта ондай ойыншыларды аланның ортасындағы ойыншылар деп атаған болар еді.



3-сурет

Шотландықтарды шабуылдағы төрт ойыншыны артқа шегіндіргеннен шабуылшылардың ойыны әлсіремейтіндігін ойын көрсетті. Тағы бір ойыншыны артқа шегіндіре отырып, шотландық футболшылар шабуыл шебіндегі ойыншыларға еркін, бір-біріне кедергі жасамай ойнауға мүмкіндік берді.

XIX-ғасырдың 70-жылдары Англия-Шотландия құрамаларының матчтық кездесуінен кейін ағылшындардың ойын жүйесіне деген құрмет өзгере бастады. Осы ойыннан кейін ойын жүйесі туралы талас-тартысқа нүкте қойылды. Ағылшындықтар бір қорғаушы және екі жартылай қорғаушы жүйесін қолданса, шотландықтар екі қорғаушы, екі жартылай қорғаушы жүйесін қолданды.

Бұл кездесудегі шотландықтардың жеңісі, олардың ойын жүйесін дамытудағы жетістіктерінің куәсі болды. Уақыт өте келе жаңа ойын жүйесін қалған комадалар, оның ішінде ағылшындықтар да қолдана бастады.

Қорғаушылар мен шабуылшылардың сандық теңдігін қалыптастыру. «Пирамида тәрізді» жүйе Футбол Венгрияға жүйе дамудың келесі кезеңдеріне өте бастағанда, XIX-ғасырдың 90-жылдарында ене бастады. Қорғаушылар мен шабуылшылардың теңдігін негізге ала отырып, аталған жүйе ұзақ жылдар барлық жерлерде қолданыла бастады. Аталған ойын жүйесі Англияда пайда болғандығын атап өткен дұрыс.

1883-жылы Кембридж университетінің атақты командасы қақпашының алдында екі қорғаушы, үш жартылай қорғаушы және бес шабуылшымен ойнай бастады.


Бұл ойын жүйесі түсінікті болу үшін «пирамида тәрізді» орналасу жүйесі деп те аталды. Бұл ойын жүйесінде «ойыннан тыс қалу» ережесі бойынша

ойнағанда пайда болды: мұнда добы жоқ ойыншы екі қорғаушының аумағына кіруге рұқсат болған жоқ. Қорғаушылар бұрынғы жүйені белсенді қолдана бастады. Олардың біреуі қорғаушының бірі ретінде артта, қақпа маңында қалса, екіншісі шабуылдаушы қарсыласты өз қақпасынан алыстау ұстау үшін алаңның орталығына орналасты.


Яғни, қорғаныс аумақты қорғануға көшті. Қақпа маңында бұрын алаңның ортасында болған екі қорғаушы өнер көрсетті. Олар жартылай қорғаушылардан өтіп кеткен допты қайтадан алға беріп отырды.

Екінші шепте үш жартылай қорғаушылар өнер көрсетті. Ортаңғысы, қалған екеуіне қарағанда еркін қимылдады және тек ұзақ уақыттық қорғанысқа көшкенде ғана артеқа қайтып отырды. Ол әдетте жиі шабуылға көмектесіп, қақпаға соққылар жасаумен шұғылданды.

Екі қапталдық жартылай қорғаушылар, қарсыластың жартылай қорғаушыларына қарама-қарсы орналасып әрекет етті. Олар іс жүзінде шеткі және ортаға жақын орналасқан шабуылшыларды ғана қадағалап, тек кейде ғана шабуылшылардың бірін көз қырымен қадағалап отырды. Олардың негізгі міндеті – бұрышты ұстау болды. Егер команда шабуылға көшсе, онда қапталдық жартылай қорғаушылар шабуылшыларға көмекке келіп, оның босаған орнына қорғаушылардың бірі келіп орналасатын болды .



4-сурет



5-сурет

Шабуыл шебінің ойынын бірінші кезекте сәл артқа тартыла орналасатын ортаңғы форвард ұйымдастырып отырды. Кейінірек жартылай ортаңғы шабуылшылар алға берілген допты алу үшін сәл артта қалып отырды. Шеткі (қапталдық) шабуылшылар әдетте алаңның қапталымен қозғалып, оларға соншалықты қарсылық көрсетілмеді.

Жекелеген елдерде «пирамида тәрізді» орналасу жүйесі сәл өзгертіле қолданылды. Түсініктірек болу үшін оларға да тоқталып өтсек

Италяндықтардың жүйесі классикалық «пирамида тәрізді» жүйеден ойыншылардың орналасуымен емес, ойынның жинақталуымен, негізделуімен ерекшеленді.

Бұл жүйе бойынша қорғаушылар алаңның ортасына жақын орналасып, ойынға тек қарсыластар алдыңғы шептің ойыншыларын алдап өткенде ғана араласты. Негізгі «пирамида тәрізді» жүйеден бұл жүйенің негізгі айырмашылығы – шеткі жартылай қорғаушылар қарсыластың шеткі шабуылшыларын тікелей қадағалады, ал ортаңғы жартылай қорғаушы – ортаңғы шабуылшыны қадағалады.

Италяндықтардың жүйесі сенімділік және жылдамдық қағидасына сүйенді. Қарсыластардың шабуылы «толқын жарғыш» тәрізді қорғанысқа тап болды. Онда ақырын шабуылдайтын ойыншылардың алдына «үштік тосқауылы» деген атаққа ие болған (тартыла орналасқан жартылай ортаңғы шабуылшы, жартылай қорғаушы және қорғаушы) тосқауыл қойылды.

Италяндық «пирамида тәрізді» жүйенің шабуылшыларының міндеті, кәдімгі «мирамида тәрізді» жүйесін қолданатын басқа елдерден былайша ерекшеленді: ортаңғы және екі шеткі шабуылшылар негізінен аяқтаушы-орындаушылардың қызметін атқарды. Әдетте ондай орынға күшті және соққысы мықты ойыншылар тағайындалды.

Осы жерде, неге дәл сондай ойын жүйесін қолданған Венгрия құрамасы көптеген жылдар Италияның құрамасын жеңе алмады деген сұрақ туындайды?

Біздің ойымызша бірқатар факторлармен қатар, италяндықтардың өзіндік ойын жүйесі себеп болды деген ой туындайды. Дәлірек айтқанда – Италия құрамасы мен Венгрия құрама командаларының ойыншыларының денелік дайындық деңгейлері.

Италия-Венгрия кездесулері әдетте Венгрияның басымдылығымен өткенімен, аз шабуылдайтын италяндықтар жеңіп жүрді. Себебі Венгрияның ойыншылары өздерінің сылбыр қимылдарымен шабуылдарын ұйымдастырып үлгергенше, италяндықтар қорғаныс шебін құрып үлгеретін болды.

Италия құрамасының ойыншылары негізінен техникаға арқа сүйеген шабуылдарына жеңіл тойтарыс беріп, өздерінің тосыннан ұсына бойы беретін пастарымен ойын нәтижесін өз жақтарына бұра білді.

Қазіргі уақытта италяндық жүйе қолданылмайды. Олардың ойын өрнегінің кейбір тұстарын бірқатар клубтық ойындарда байқауға болады.

Австриялық жүйе XX-ғасырдың 30-жылдарында пайда болды және «пирамида тәрізді» жүйеге ұқсас болды. Тек айырмашылығы – австриялықтар өз қақпасының маңындағы алаңның ішкі аумағына

мықтап орналасты, өйткені олар алаңның осы бөлігі осал деп санады.

Австриялықтардың негізгі ұстанымы: үздік қорғаныс – шабуыл. Шабуылға бес форвардпен қатар ортаңғы жартылай қорғаушы араласты. Тіпті шеткі жартылай қорғаушылардың біреуі қажет болғанда шабуылға көмектесті. Міне осылайша, австриялықтар қарсыластың қақпасына едәуір қысым көрсетті.

Қарсыластар шабуылдаған кезде үш жартылай қорғаушы артқа тартылды. Шеткі жартылай қорғаушылар шабуылшылар мен жартылай ортаңғы шабуылшылардың аралығына, ал ортаңғы жартылай қорғаушы – қарсыластың ортаңғы шабуылшысының жанына орналасты. Өз алаңына тіркес құра орналасқан қорғаушылар ортаңғы аумақты қорғады.

Қорғаныс пен шабуылды жекелей қарастыратын болсақ, бұл жүйе қолдануға тұрарлық және ыңғайлы болып табылады. Алайда жүйенің жиынтығын қарастыратын болсақ, оның бірқатар қиын тұстарын аңғаруға болады. Егер қақпа маңына қысыла орналасқан қарсыластың қорғаныс шебі допты жылдам ұзына бойы берілетін паспен өз шабуылшысын алға шығара білсе, бұл жүйенің осал тұстары байқалып қалады. Бұл сәтте шабуылшылармен алға шығып кеткен жартылай қорғаушылар артқа қайтып үлгермейді де, соның салдарынан қақпа маңында қауіп туындайды.

Ойынға дайындық команда күнтізбе бойынша ойналатын ойынға немесе жолдастық кездесуге дайындалғанда міндетті түрде әрекет ету жоспарын құрулары керек [31,32,33,34].

Ол үшін ең бірінші кезекте өзінің қарсыласын жақсы білуі керек. Олар қалай ойнайды – қарқынды екпінмен ойнайды ма, жоқ әлде тыңғылықты қорғаныстан бастайды ма? Бір-біріне төменнен қысқа пас береді ма, жоқ әлде жоғарыдан беріп әрекет етеді ме? Қарсыластардың сыртқы кескін-келбеттеріне қарап, олардың денелік дамуы мен дайындығы туралы айтуға болады. Тіпті олар аласа бойлы ма, әлде ұзын бойлы ма деген сұрақ та команданың тактикасы үшін маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, қарсыластың жекелеген ойыншылары туралы ақпаратты білген де дұрыс (мысалы, біреулері жылдам жүгірсе, екіншілерінің соққысы мықты және дәл т.с.с). Қарсыластың барлық жақтарын білу, өз ойыныңның жоспарын құру жеңіл болады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, бапкер өз командасының да әрбір ойыншысының қалай ойнайтындығын жіті білу қажет.

Нұсқаушы немесе команда капитаны (яғни, ойын жоспарын құратын тұлға) алдымен кездесу үлгісін жақсылап құрып алуы керек, сосын барып ол туралы команда ойыншыларына хабарлайды.

Нұсқаушы (капитан) өз командасының ойын кестесіндегі жағдайын есінен шығармауы керек: ол

қандай орында тұр, жеңген немесе жеңілген жағдайда не болады. Сосын команда ойыншыларына ойын нәтижесінің қаншалықты маңызды екендігін түсіндіру қажет. Ол қарсыластың барлық техникалық-тактикалық ұстанымдары, ерекшеліктері мен дайындық деңгейі туралы ақпаратты жеткізуі керек.

Сосын, алда болатын ойында алаңға шығатын ойыншылардың құрамын жариялайды да, команданың тұтас ұжым ретінде қала йойнау керек екендігін түсіндіреді (қысқа пастар немесе жоғарыдан берілетін пастар, шабуылды ортадан бастау немесе шеткі шабуылшылардың белсенуі).

Не үшін әр ойыншыға нұсқаулар беру керек деген сұраққа келетін болсақ, мысалы, өзінің шеткі шабуылшысының жақсы жүгіретінін, ал қарсыластың оған қарсы ойнайтын қорғаушысының нашар жүгіретінін біле отырып, оң қапталмен бұзып-жара шабуылдауды жоспарлауға болады. Егер қарсыластың ортаңғы қорғаушысы допты баспен нашар соғатын болса, онда допты көбінесе жоғарыдан беруге болады. Қарсыластың қақпашысы допты жақсы қағып алатын немесе соғып жіберетін болса, онда алыстан соққы жасаудан пайда жоқ екендігін түсінуге болады.

Тұтас бір шептің ойыншылар тізбегіне тапсырма беруге болады. Мәселен, өз командасының қорғаныс шебі сенімсіз ойнайтын болса, онда жартылай қорғаушылар шабуылмен әуестеніп кетпей, өз

қорғаушыларына көмектесіп, олардың қателіктерін түзеулері керек.

Нұсқаушы алда болатын ойынды талқылап болған соң, ойыншыларға ойынның қай алаңда, қашан басталатындығын, ойыншылардың нешеде жиналу керек екендігін хабарлайды. Негізінен, команда ойын басталатын жерге 45 минут қалғанда келулері керек. Егер олар ойын басталуға 10-15 минут қалғанда келетін болса немесе ойыншылардың бірі кешігіп келсе болса, онда команданың сәтті ойын көрсетуі қиындай түседі.

Өткен ойынды талдау. Ойын нәтижесі бір күннен кейін немесе ойыннан кейінгі бірінші оқу-жаттығу сабағының алдында талқыланады. Футболшылар әлі өз-өзіне келмегендіктен және ойын жағдайын әлі де болса дұрыс екшейлей алмайтындықтан, ойын аяқталысымен талқылаудың қажет жоқ.

Нұсқаушы алдымен команданың алға қойылған міндетті шеше алған-алмағандығын анықтап алуы керек. Егер шеше алмаған болса, оған не кедергі жасады. Сосын барып, ойын кезінде орын алған өзіндік сәттерді талдайды. Олардың ойын кезінде тұтас команда ретінде, сосын алдыңғы, ортаңғы және артқы шептерді рет-ретімен, команда ойыншыларының орындамаған міндеттерін түсіндіреді.

Ең бастысы – ойыншы немесе бір шеп алға қойылған міндетті неге шеше алмады және қалай

ойнау керек еді. Ойынды талдау кезінде тек қателіктерді ғана тере бермей, жекелеген ойыншылардың және тұтас ұжымның сәтті ойнаған кездерін де атап өту керек. Алдымен техникалық жетіспеушіліктер мен қателіктерге тоқталып, сосын барып тактикалық әлсіз тұстарды түсіндіру керек. Себебі техникалық әлсіз орындалған тәсілдің салдарынан тактикалық қателік кететіні белгілі[35,36,37].

Нұсқаушы келесі оқу-жаттығу сабағын жоспарлағанда, міндетті түрде өткізілген ойынның барлық оң және теріс жақтарын ескеруі керек.

Өткізілген немесе өтетін ойынды талдай отырып, ойын жағдайын талдауға болатын тақтаның болғаны дұрыс.

Дұрысы, ең бірінші команда ойыншыларының ойларын біліп алу. Ол нұсқаушыға олардың ойын жағдайын қаншалықты түсінетіндігін білуге көмектеседі. Сосын барып, нұсқаушы өзінің ойын айтып, жалпы жіберілген қателіктер мен енді алдағы уақытта оны түзету үшін не істеу керек екендігін түсіндіреді.

Ол ойыншыларға кезекті кездесуді талқыладың арқасында, оларда теориялық білімнің жоғарылайтындығын және соның арқасында ойын шеберлігі жоғарылайтындығын түсіндіруі керек. Сонымен қатар, нұсқаушы талдау жүргізе отырып шынай болуды ұмытпауы керек. Керек болған кезде

үздік ойыншыларына сын айтып, әлсіз ойыншыларға қолдау көрсетуі қажет.

Ойын ережесімен танысуға 10-15 минуттық үш-төрт отырыс жеткілікті. Нұсқаушы ойын ережесін оқып шығып, маңызды деген тұстарына тоқталып өтеді. Әсіресе өрескел ойын турады ережені дұрыстап талдау керек. Аландағы ойыншының тәртіпсіз қылықтарын талдап, олардың төрешінің шығарған шешіміне келіспей өздерін теріс жақтарынан көрсетіп, тіпті ауыр сөздер айтып жататын жағдайларын жан-жақты талдау керек. Ондай жағдайларда олар өзінің кінәсіз екендігін көрсетіп, оған жанкүйерлерді араластырып жатады. Төрешіге деген дұрыс емес көзқарас – футболшылардың арасындағы тәртіп-тәрбие мәселелерінің ақса тұрғандығының белгісі. Нұсқаушы футболмен шұғылданушылардың арасында төрешіге деген құрметті тәрбиелеуі керек.

«Ойыннан тыс қалу» ережесін өте мұқият талқылау керек.

Ойыншылар алаңның, қақпаның, тіпті ойында пайдаланылатын доптың көлемін, мөлшерін білулері керек. Олар доптың ойынға қашан қосылатынын, айып немесе еркін соққының тағайындалуы немесе талас добы қандай жағдайда болатындығын білулері керек. Онбір метрлік айып соққысы тағайындалатын жағдайларды да білу міндетті.

Футболшылар көп жағдайларда допты ойынға қапталдан қосуда қателіктер жіберіп, төрешілерге

ренжіп жатады. Сонымен қатар, қақпашының ойын ережесін жақсылап қарастыру керек: қақпашы онбір метрлі айып соққысы кезінде не істеу керек, допты қолына алып неше адым жасауға болады, өзінің айып алаңында қалай ойнайды. Қақпашылар көбі жағдайларда доппен жүрге жанасып, одан әрі жүгіре жөнеледі. Бұл қателік болып саналады, себебі ол допты қағып алған соң қолынан шығаруы керек. Дайындық кезінде нұсқаушы ойын ережесін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді [38, 39, 40, 41, 42].

Нұсқаушы зауыт-фабрикалар, басқа да мекеме-кәсіпорындар арасында жарыс ұйымдастырылғанда, олардың қарапайым ережемен ойнайтындығын есте сақтаған дұрыс.

Ішкі, аудандық жарыстарда ерлер командалары 30 минуттан екі тайм ойнайды, тайым аралығында 10 минуттық үзіліс жарияланады. Ал жасөспірімдер арасындағы жарыста да (15-16 жас) ойын 60 минутқа созылады.

Егер жарыс шарттары бойынша жеңімпазды анықтау керек болса, ал негізгі уақытта ойын тең аяқталса, онда жеңімпаз онбір метрлік айып соққысы арқылы анықталады. Әр командадан 5 ойыншыдан соққы орындайды. Егер бірінші бестіктің соққысынан кейін де жеңімпаз анықталмаса, онда әр командадан тағы бір соққыдан орындалады.

Қарапайым ойын ережесін қолдану нұсқаушының жұмысын жеңілдетеді. Жұмыстан шыққан ойыншыларға кәдімгі ойын уақытына (90

минут) шыдау қиынға соғады. Алайда қалалық ойын кестелерінде жалпы ереже бойынша ойналады, сондықтан да әр команда жеңілдетілген ережемен ойнап жүріп, негізгі уақытпен де ойнауы мүмкін екендігін білгендері дұрыс.

Нұсқаушы және оның ойыншылармен арақатынасы командаға жетекшілік етуде шешуші рөл ойнайды. Ол команда ойыншылары үшін тек қана тәлімгер болып қана қоймай, сонымен қатар аға буын ретінде де қарауы керек.

Барлық ойыншылар нұсқаушының бұйрықтары мен нұсқаулықтарын бұлжытпай орындаулары керек. Бұл әсіресе жас және шеберлігі жағынан бір деңгейдегі ойыншыларға қатысты. Сол ойыншылардың нұсқаушыға деген құрметінен кейін, команда ішілік тәртіп, ұжымдық сезім пайда болады.

Нұсқаушы әр оқу-жаттығу сабағына дайындалып, онда не істейтіндерін мұқият жоспарлауы керек. Жоспарланған нәрсенің барлығын дайындық кезінде орындатуы керек. Сонда ғана оның жетекші, нұсқаушы ретіндегі маңызы мен рөлі анықталады.

Кейде ойыншылардың бірі дайындық үдерісіне немқұрайлы қарап, өзіне берілген тапсырманы қалай болса, солай орындауы мүмкін. Ол ойыншыға, оның сондай қылығынан барлық командаға теріс нәтиже беруі мүмкін екендігін түсіндіру керек. Бұл жерде оның қылығына барлық ойыншылардың теріс екендігін айтып, ол ойыншыны ескерту маңызды

болып табылады. Әр ойыншы дайындыққа белсенді араласып, өзіне жүктелген міндетті адал атқарғанда ғана дайындық үдерісі сәтті өтті деуге болады.

Нұсқаушы өзіне барлық ойыншылар толық сенетіндей жағдайға көтерілуі керек. Оның жасаған ескертулеріне ойыншылар ренжімей, қателіктерін түзетулері керек. Алайда нұсқаушының жасайтын ескертуі де шынайы болғаны дұрыс. Оның шығарған шешімі – заң. Сондықтан да, ол шығаратын шешімін әбден ойланып барып қабылдауы керек. Сонымен қатар, ол өзінің қылықтарымен үлгі болуы керек.

Әр ойыншы оның қойған талаптарын тыңғылықты орындайды, дегенмен нұсқаушы да ойыншылардың мінез-құлқындағы жекелеген ерекшеліктерді ұмытпағаны дұрыс. Оған командағы нұсқаулар беретін ойын кезінде немесе киінетін бөлмеде абай болғаны дұрыс. Әр ойыншы ойын кезінде қозған жағдайда болады және оның берген ескерулері мен нұсқауларын дұрыс түсінбеуі мүмкін. Бірнеше қателіктер жіберген ойыншыға қолдау көрсетіп, өзгелеріне қатаң түрде ескертулер жасауға болады.

Нұсқаушының жеке басының қылықтары үлгі болады: күн тәртібін сақтау, киіну үлгісі және т.с.с. ол әрдайым ұқыпты киініп, таза жүруі керек.

Нұсқаушы дайындық сабағына ерте келеді және шұғылданушылардың нешеу екендігіне қарамастан, міндетті түрде сабақ өткізеді.

Кейде жағдайға қарай кешігіп келгендерді дайындыққа жіберуге болады. Ол әділ болып, өзінің айтқан сөзінде тұруы керек.

Нұсқаушы күнделікті жұмыс кезінде футболшылардың тәртібімен аналысып, олардың мәдени және саяси білімдерімен шұғылданғаны дұрыс. Тәрбиесіз оқыту және жаттықтыру мүмкін емес. Ол үшін оның өзі көп ізденіп, көп оқуы керек.

2.2 Қазақстан командаларының КСРО чемпионаттарына қатысуы мен нәтижелері

Кеңестер одағының футбол федерациясы 1990 жылы әйелдер арасында футболдан ел біріншілігін өткізуді шешті. Бұл жарысты өткізуді әйелдер футболы ассоциациясына берді. Жарыс сәуірден қазан айына дейінгі аралықта өтті. Чемпионат үш лигаға бөлінді жоғарғы лига (2 аймақ 12 командадан), бірінші лига (2 аймақ 12 командадан), екінші лига 18 команда.

Футболдан әйелдер командалары КССРО чемпионатының ойындарын бастады. Жоғарғы лигада ойнайтын 24 команда енді екі топқа бөлініп, чемпионаттық ойындарын өткізеді.

Төменде КССРО чемпионатындағы екі топтың құрамымен таныстырып өтуді жөн көріп отырмыз.

Бірінші топ «Локомотив» (Москва), «Волжанка» (Чебоксары), «Легенда» (Чернигов), «Нива»

(Гродно), «Самарский» (Днепропетровск), «Арена» (Киев), «Мерей» (Алматы), «Бакинка» (Баку), «СИМ» (Москва), «Надежда» (Моглиев), «Дебют»(Харьков), «Текстильщик» (Раменкое).

Екніші топ: «Кодру» (Кишинев), СКИФ (Москва), «Спартак» (Москва), «Сапфир» (Москва), «Сибирячка» (Красноярск), РАФ (Елгава), «Скороход» (Ленинград), «Нива» (Киев), МГУ (Москва), «Наири» (Ереван), «Прометей» (Ленинград), «Динамо» (Киев).

Чемпионат қортындысында екі топтың жеңімпазы өзара кездесіп, алғашқы чемпионды атайды.

Алматының «Мерейі» маусымашар кездесуін Бакудің «Бакинка» командасымен өткізіп, 2:0 есебімен жеңіске жетті. Кездесудің 6-шы минутында алматылық Л.Савина есеп ашып, чемпионаттың бірінші добын соқты.

Екінші таймда С. Жарболова (72 мин) таблодағы есепті өсірді. Осы кездесу жайында команданың аға жаттықтырушыларымен жүргізілген сұраунамаларға талдау жүргізіп көрдік.

Жоғары топта ойнайтын әйелдер командалары арасында Москваның «Локомотиві» соңғы турдың ойындарына дейін жеке-дара топ басында келді. Олар қарсыластарының бәрін жеңіп, өздерінің шеберліктерін ерекше таныта білді. Әйтсе де олар да жеңілістің тұзағынан құтылып кете алмады, кезекті турда Ременскоенің «Текстильщик» командасынан

0:5 есебімен ойсырай жеңілді. Жұлделі биіктен үміт етіп келе жатқан Алматының «Мерей» командасы өз алаңында Чебоксарының «Волжанка» футболшыларын қабылдап, 2:0 есебімен ұтты. Кезедесудің 24-ші минутында С. Гоголю есеп ашса, ал А. Светлицкая 63-ші минутта екінші допты соғып, ойын нүктесін қойды. Қалған кездесулердің нәтижелері төмендегідей: «Легенда» [Чернигов] - «Текстильщик» (Раменское) – 2:0, «Дебют» (Харьков) - «Самарский» (Днепропетровск)– 6:0, «Надежда» (Могилев) - «Легенда» (Чернигов) – 2:0. 10 маусымда алматылық Москвада СиМ командасымен жасыл алаңға шығады.

Бұл чемпионатта мерей командасы 7 орынға ие болды.

Чемпионатта 66 команда қатысты, олар екі лигамен, екі зонаға бөлінген:

- жоғарғы лига - 24 (2 зона 12 командадан)
- бірінші лига - 24 (2 зона по 12 командадан)
- екінші лига - 18 команд.
- бірінші лига (Зона № 1).

8-кесте. Қорытынды кесте:

р / с	Команда	О	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
1	Днепр (Днепропетровк)	22	15	3	4	39-11	33

2	Араз (Баку)	22	13	4	5	29-13	30
3	Луганочка(Луганск)	22	12	6	4	31-15	30
4	Олимп (Қарағанды)	22	13	3	6	33-13	29
5	Седин-Шисс (Краснода)	22	10	6	6	38-14	26
6	Азалия (Бішкек)	22	7	8	7	17-25	22
7	Тохчу (Баку)	22	8	4	10	23-17	20
8	Энергия (Воронеж)	22	6	6	10	16-28	18
9	Виктория (Ставрополь)	22	5	7	10	11-26	17
10	Континенталь (Симферополь)	22	6	2	14	21-40	14
11	Крылья Советов (Саранск)	22	4	5	13	12-39	13
12	Булат (Златауст)	22	4	4	14	9-36	12

1991 жылы екінші және соңғы КСРО 74 команда қатысты. Жоғары лигада 2 аймақ 12 командадан. Бірінші лигада 4 аймақ 8 командадан. Екінші лигада 3 аймақ 6 командадан. Олимп (Қарағанды) командасы бірінші лига 4 зонада өнер көрсетті.

9-кесте. 1 лига , 4 зона қорытынды кестесі

р / с	Команда	О	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
1	Азалия (Қант,	14	11	1	2	24-7	23

	Қырғызстан)						
2	Сибирячка (Красноярск)	14	9	4	1	27-4	22
3	Лада (Тольятти)	14	8	2	4	30-11	18
4	Олимп (Қарағанды)	14	7	3	4	23-19	17
5	Тағанай (Златоуст, Челябі обл)	14	5	3	6	18-23	13
6	Шағала (Гурьев)	14	4	3	7	12-26	11
7	Кама (Пермь)	14	2	0	12	8-33	4
8	Тохучу (Баку)	14	1	2	11	5-34	4

Біз кестеден Қарағанды қыздар командасының кестедегі 4-орынын жоғары деп бағалаймыз. Өйткені Ресей мен Украинаның азулы командаларымен иық тіресу өте қиын болатын. Сондықтанда бұл көрсеткіш өте жақсы деп бағаланды.

10-кесте. Қорытынды кесте: екінші лига, 1 зона

р / с	Команда	О	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
1	Сююмбике (Зеленодольск, Татарстан)	10	7	1	2	27-11	15
2	Гамма (Казан)	10	7	0	3	30-8	14
3	Азалия-2	10	7	0	3	15-	14

	(Бишкек, Қырғызстан)					10	
4	Сибирячка-2 (Красноярск)	10	4	1	5	17- 22	9
5	Дорожник (Аркалық),	10	3	0	7	12- 20	6
6	Олимпия (Башқұрстан)	10	1	0	9	7-37	2

1991 жылғы екінші және соңғы ел чемпионатында 74 команда қатысты, олар лигалармен зоналарға бөлінген.

Жоғарғы лигада 12 команда, бірінші лигада зонаға бөлінген 8 командадан, екінші лигада 3 зона және 6 командадан бөлінген.

1995 жылы орталық азия елдерінің I чемпионаты өткізілді. Бұл жарысқа Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен қыздар командалары қатысты.

11-кесте. Қорытынды нәтиже кестесі

р /с	Команда	О	Ұтыс	Тең	Жеңіліс	Доп	Ұпай
1	Динамо (Алматы)	15	11	2	2	50-7	35
2	Гейя (Қарағанды)	15	11	2	2	26-5	35
3	Чехра-1 (Ташкент)	15	11	1	3	35- 10	34

4	Азалия (Кант, Кыргызстан)	15	6	1	8	9-44	19
5	Чехра-2 (Ташкент)	15	1	0	14	2-44	3
6	Аңсат (Екібастұз)	15	1	0	14	2-14	3

Жалпы Қарағанды облысы қыздар командасы әжептәуір нәтижеге қол жеткізді деп айта аламыз. Кеңестер біріншілігінде де тәуелсіз Қазақстан республикасы біріншіліктерінде де қомақты нәтижеге қолдары жетті. ҚарМУ-Шахтер командасы Астана, Алматы, Шымкент, Көкшетау, Талдықорған, Өскемен қалаларының командаларымен қазіргі кезде күш байқасуда.

Ел чемпионатынан топ жару уақыт еншісінде болып отыр. Оған көптеген мәселелер бөгет болып отыр. Команда бюджетінің аздығы, оқу-жаттығу жиындарының талапқа сәйкес жерлерде өтуі және сол сияқты бірқатар мәселелер кедергі келтіруде.

Соңғы уақытта Алматы және Шымкент қалаларының командалары өздеріне қарсылас шақ келтірмей жүр. Өйткені ол командалардың бюджеті 50 млн теңгеден асып шығылады. Бұл ақша команданың жоғары нәтиже көрсетуіне өз септігін тигізіп жатыр.

2.3 Қазақстандағы әйелдер футболын дамытудағы іс-шаралардың нәтижелері

Екі жылдық үзілістен соң Қарағанды обылысының әйелдер футбол командасы 2001 жылдан бастап ел біріншілігінде өнер көрсете бастады. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің жанынан жас команда құрылды. Сол жылы Орта Азия және Қазақстан чемпионатына алғаш рет қатысқан футбол командасы Алматы қаласы мен Өзбекстан құрасына жол беріп, қола медальді місе тұтты.

2002 жылы аталған команда кіші-футболдан Қазақстан Кубогінің қол жүлдегері атанды. Команданың Кульченкова Ольга, Радынская Ольга, Щуренко Оксана, Мыльцева Татьяна, Каримова Лилия сынды ойыншылары Қазақстанның құрамасына қабылданып, Мәскеу, Полтава, Хорватияда өткен халықаралық жарыстарда және Еуропаның іріктеу ойындарына қатысты.

2003 жылы «Шахтер - ҚарМУ» әйелдер футбол командасы Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері атанды және ЕуроКубоктеріне қатысу құқығына ие болды.

Сонымен қатар, 2003 жылдан ішкі чемпионатқа «Рахат» балалар мен жасөспірімдер командасы да тұрақты түрде қатысып келеді. Бұл жас команданың аяғына нық тұруы, қыздардың өз шеберліктерін шыңдауларына мүмкіндік береді және аталған команданың қыздарын Алматы мен Астананың спорт мектептері дарынды қыздарды өздеріне шақыруда.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысында қыздармен төрт бапкер жұмыс істеуде: екеуі «Рахат» мектебінде және екеуі «Шахтер» футбол клубында. Қазақстан Республикасының ұлттық құрама сапында 4 қыз, жастар құрама сапында 2 қыз және қосалқы құрамда 4 қыз өнер көрсетеді.

Қарағанды мектебінің ойыншылары осы жылдың қыркүйек айында 20 жастан төмен жастағы қыздар арасындағы Еуропа Чемпионатының іріктеу ойындарына қатысады. Құраманың бапкерлері Жамантаев Ақбай Сейтжанұлы және Рудикова Александра Алексеевналар.

Осы айтылғандарға қарап, біздің обылыстың ойыншылары тек аймақта ғана емес, барлық жас аралығындағы құрама сапында ойнайтындығын аңғаруға болады. Бұл қарағандылық футбол мектебінің дәстүрі жоғары екендігін білдіреді. Дегенмен команданың шешуін таппаған мәселелері де жеткілікті.

Атап айтар болсақ, команданың қаржылық сұрақтары шешілмеген. Қазіргі уақытта Қарағанды обылысының әйелдер командасының нақты демеушісі жоқ. Команданың ішкі чемпионатқа қатысуына «Шахтер» клубы, кіші футболдан Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қолдау көрсетеді.

Осы жылдың 21 мамыр айына дейін ЕуроКубокқа қатысатыны жөнінде растама құжатын даярлау керек, ал бапкерлер құрамы осындай беделді

жарысқа кім демеу көрсететіндігін әлі күнге дейін білмейді.

Себебі «Шахтер» клубының сметасында бұл мәселе қарастырылмаған, ал ҚарМУ бұл мәселені жалғыз шеше алмайды. Сонымен қатар, «Рахат» қыздар футбол мектебі ақшалай мәселе шешілмегендіктен, еліміздің чемпионатына қатыса алмайды.

Соның салдарынан облысымыздың футболшы қыздары дәрежесі төмен жарыстарға қатысумен ғана шектеліп отыр және қыздардың шеберлігін жоғарылатуға мүмкіндік болмай отыр.

Сонымен қатар, бапкерлер санын ұлғайту мәселесіне де тоқталып өтсек. Егер Көкшетау, Алматы қалаларында әйелдер футболының штатын ұлғайту үрдісі байқалса, біздің обылысымызда барлығы бұрынғыша. Яғни, әуесқой футбол деңгейінде қалып отыр.

Алматы қаласының спорт мектебінде өткен жылдың қыркүйек айынан өзінің әкімшілік ғимаратынан және бес бапкерлер құрамынан тұратын қыздар футбол бөлімі ашылды. Ал Астана қаласының спорт интернатына Ресейлік бапкер шақырылды. Бізде болса, осыдан 3-4 жыл бұрынғы 4 бапкер жұмыс істеуде және аталған спорт түрімен Қарағанды мен Теміртау қалалары ғана қамтылған. Ал обылысымыз болса, жер көлемі жағынан республикада бірінші орында тұр.

Әрине, бұл бағытта жұмыс жүргізілмей жатыр деп айтуға болмайды. Обылыстық депутаттардың араласуының арқасында, болашағынан үміт күттіретін екі қыз Ә. Молдағұлова атындағы спорт мектебіне түсірілді. Обылысымыздың қыздары Алматы және Астананың жоғары оқу орындарында оқуда және олар «Шахтер - ҚарМУ» командасына емес, сол өздері оқитын оқу орындарының командаларына ойнауға мәжбүр. Қаламыздағы спорт мектебінің жоғарыда аты аталған қалалардағы спорт мектептерінен еш кем емес екендігін ескеретін болсақ, біздің қыздарымыз үшін неге бөлім ашпасқа.

Ең болмағанда жылына 2-3 қыз спорт интернатқа орналасса – осының өзі оларға үлкен көмек болар еді.

Сонымен қатар, осы жылдардың ішінде әйелдер футболының аяққа тұруына көмек көрсетіп келе жатқан тұлғалар мен мекемелерді атап өтуге болады.

Олар: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректораты, Қарағанды обылысының туризм және спорт комитеті, «Шахтер» футбол клубы, «Рахат» спорт мектебі және «Шахтер» футбол клубының әкімшілігі.

Студенттердің жоғары оқу орындары арасында өткен жазғы универсиада нәтижелері мынадай:

2001 жыл – 2 орын

2003 жыл- 3 орын

2005 жыл- 1 орын

2007жыл- 3 орын

2009 жыл- қатысқан жоқ

2011 жыл- Шымкент қаласында өтті ҚарМУ студенттері 2 –орын иеленді.

2013 жыл- Шымкент қаласында өтті ҚарМУ студенттері 2 –орын иеленді.

2015 –Астана қаласында өтті ҚарМУ студенттері 2 –орын иеленді.

Сонымен қатар қысқы студенттер универсиадасының үш дүркін жеңімпазы болып табылады. Осы айтылғандардың барлығы қазақстандағы және қарағанды облысындағы әелдер футболының дамуының бар екендігіне дәлел болады.

Қорытынды

Монографиялық жұмыс нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

- Зерттеу барысында әйелдер футболының ойын жүйесін жүзеге асыруға болашақ ғылыми - теориялық алғышарттары тұлғалық – бағдарлық, іс – әрекеттік тұрғыдан айқындалды. Теориялық әдіснамалық тарауларға сүйене отырып денешынықтырудағы негізгі ұғымдарының

педагогикалық мәні мен мазмұны ашылып, жеке тұлғаны қалыптастыруда шешуші роль атқаратындығы анықталды.

- Әйелдер футболының шығу тарихы мен дамуына жан-жақты талдаулар жасалып оқу әдістемелік нұсқаулықтар берілді.

- Республикадағы футбол біріншілігінің өткізілу ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықталып оған жан-жақты талдаулар жасалынды.

- Қазіргі қоғам дамуының қарыштап өрлеу кезеңінде философиялық көзқарастар мен психологиялық, педагогикалық, физиологиялық, әдістемелік еңбектерді талдау негізінде жеке тұлғаның жан-жақты дамып, жаңа қоғамға бейімделген, салауатты өмір салты негізінде дене мәдениеті қалыптасқан, білімді де білікті тұлғаға деген сұраныс арқылы зерттеу мәселесінің көкейкестілігінің бұрынғыдан да арттыра түсетіндігі айқындалды.

- Қазақстандағы әйелдер футболының дамуына арналған кәсіби дайындығын жетілдірудің теориялық негіздеріне сай тұлғалық-бағыттылықтың тиімділігі анықталды.

- Футболшылардың ойын жүйесін жүзеге асыруға олардың дене мүмкіндіктері мен қимыл қозғалыстарын кәсібилілігін арттыруға алғышарттар жасалды.

- Әйелдер футболының шығу тарихы мен дамуына жан-жақты талдаулар жасалып оқу әдістемелік нұсқаулықтар берілді.

- Зерттеу жұмысының міндеттерінің орындалуы, ғылыми болжамның дұрыстығын айғақтап, зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін көрсетті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бірқатар ұсыныстар беруге мүмкіндік берді:

- Әйелдер футболының дамуына жан-жақты көмек көрсету және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңару құрылымдарына лайықты жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, бұл бағыттағы футбол ойынынның қазіргі қоғам талабына сай, жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре алатын өрелі тұлғаны тәрбиелеуге бағытталуы болып отыр.

- Салауаттылық өмір-сүру принциптеріне сай, педагогикалық жүйенің құрылымы, мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңа жағдайға орай тез бейімдеп, одан әрі сапалы, тиімді жолмен ұйымдастыруға, жасампаз тіршілік, өмір шеберлігі шыңына ұмтылуын қалыптастыру;

- Дене тәрбиесін сабақтарында қыздар футболына көңіл бөлу қажеттілігі туындап отыр.

- Сабақтан уақытта жеке тұлға қоғам талабына сай өзгертіп, оған субъект ретінде қарап, дербестігі мен шығармашылығын дамыта алатын кәсіби мамандар даярлануы керек;

- дене тәрбиесін жүзеге асыруда рухани құндылықтармен сабақтастық принциптерін басшылыққа ала отырып, футболшы балалармен оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

- дене тәрбиесі жүйесі бағыттары бойынша арнайы ғылыми-зерттеулер жүргізу.

Зерттеу мәселесі бойынша әйелдер футболының дамуы мен жетілдіру; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, дене тәрбиесіндегі футбол ойыны арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясы: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастыру т.б. бағыттары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда еліміз өзінің тәуелсіздігі, экономикасының, білім мен мәдениетінің қарқынды дамуымен әлемдік жаһандану үрдісіне кіріге бастады.

Білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Тек, мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік тұрғыда бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұр.

Қазіргі әлемдік спорттық талаптарына сай әйелдер футболының дамуына жан-жақты өріс алуына жағдай жасалуды қажет етіп отыр.

Қазақстан Республикасы 23 жыл ішінде экономика, мәдениет, спорт, білім және ұлттаралық мәдениетті дамытуда, әлемдік бейбітшілік мораториясын қолдауда әлем мойындаған мемлекеттер қатарына қосылды.

Қорыта келгенде, қазақстандағы әйелдер футболының дамуына негізгі алғышарттардың бар екендігі анықталып, ондағы жинақталған құндылықтарды әйелдер футболының дамуына септігін тигізеді деген қорытынды жасаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спорты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы.

2 «2012-2022» жылдарға арналған балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту бағдарламасы.

- 3 Реднидж К. Футбол / К. Реднидж: пер. с англ. У.В. Сапциной, О.В. Павловой. – М.: РОСМЕН-ПРЕСС, 2005. – 287 с.
- 4 Ролан Т. Футбол. Все легендарные клубы мира / Т. Ролан: пер. с фр. Ю.И. Жукова. – М.: АСТ: Астрель, 2005. – 191 с.: ил.
- 5 Спортивные и подвижные игры: Учеб.пособие для техникумов физ.культуры / ред. Чумаков П.А. – М.: Физкультура и спорт, 1970. – 391 с.: ил7
- 6 Спортивные и подвижные игры: Учеб.пособие для техникумов физ.культуры / ред. Портных Ю.И. – М.: Физкультура и спорт, 1977. – 382 с.: ил.
- 7 Спортивные игры: Техника, тактика, методика обучения; Учеб.для пед.вызов/ред.Железняк Ю.Д., ред. Портной Ю.М. – М.: Академия, 2002. – 518 с.: ил. – (Высшее образование)
- 8 Спортивные игры: техника, тактика, методика обучения; Учеб. для пед. вызов/ под ред. Ю.Д.Железняка, Ю.М.Портнова – М.: Академия, 2004. – 518 с.: ил. – (Высшее профессиональное образование)
- 9 www.SHANTER.kz. «Шахтер» футбол клубының сайты.
- 10 [www. ffk. Kz](http://www.ffk.kz). Қазақстан футбол федерациясы.
- 11 Кчетков А. Управление футбольной командой. М., 2012. -С.
- 12 Дисциплинарный регламент федерация футбола Казахстана. Алматы, 2010.-С.14.

- 13 Железняк Ю.Д., Портнов Ю.И. Спортивные игры. М.:Академия, 2012. -455с.
- 14 Железняк Ю.Д., Портнов Ю.И. Спортивные игры. М.:Академия, 2004. -520с.
- 15 Refereeek club.ru. Клуб футбольных арбитров.
- 16 Официальные правила игры в футбол. М., 2014. С-112.
- 17 Спортивный арбитр. В.Зуев. М., 2012. –С.394.
- 18 Салимов С.А. Психология футболиста. Журнал. Трибуна футбольного тренера. -№2(3).-2014. –С.22-25.
- 19 Пехр И. Футбол? Путеводитель по чемпионатам мира / Пехр И. – М.: Физкультура и спорт, 2014. – 158 с.: ил.
- 20 Подготовка студенческих команд по спортивным играм: Учеб.пособие / Фидельский В.В., Подколзин Ю.А. – Минск: Полымя, 1989. – 151 с.
- 21 Төтенайдың Б. Дене тәрбиесі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып. арналған оқулық / Төтенайдың Б., Тайданов С. – Алматы: Атамұра, 2001. – 159б.: сур.
- 22 Тайжанов С. Дене тәрбиесі: Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып. Арналған оқулық / Тайжанов С., Құлназаров А. – Алматы: Атамұра, 2002. – 159 б.: сур.
- 23 Тайжанов С. Физическая культура: Учеб. для 6 кл. общеобразов. шк. / Тайжанов С., Кульназаров А. – Алматы: Атамұра, 2002. – 143 с.: ил.

- 24 Төлейғалиев Ю. Денен тәрбиесі: 10-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал/ Төлеуғалиев Ю. – Алматы: Жазушы, 2002. – 190 б. с.: ил. ил.
- 25 Взаимосвязь физиологических функций в процессах физической тренировки: Сб. тр. ин-тов физ. культуры / ред. Зимкин Н.В. – М.: Физкультура и спорт, 1967. – 160 с.: ил. – (Проблемы физиологии спорта) .
- 26 Вопросы физического воспитания студентов. – Л.: Изд-во ЛГУ. – 1989. Вып.20. – 120 с.
- 27 Спорт и личность: 1986? Спорт, ежегод. – М.: Мол. Гвардия. – (Спорт и личность) Вып. 9. – 1986. – 383 с.
- 28 Цвейг С. Звездные часы человечества / Цвейг С. – Кемерово: Кн. изд-во, 1983. – 304 с.
- 29 Юсин А.А. Что получает победитель / Юсин А.А. – М.: Сов. Россия, 1989. – 223 с.
- 30 Баязитова А. Сұрмерген Салтана/ А. Баязитова, С. Бейсенбаева// Орталық қазақстан – 2006.-29 сәуір (№83-84). – С. 10 б.
- 31 Жолымбетов Ө. Футбол деген біп сиқыр/ Ө. Жолымбетов// Мектептегі дене шынықтыру. – 2009. - №1 – С.3-6 б.
- 32 Халилин Е.Б. Футболмен тұрақты шұғылданудың дене шынықтыруға әсері мен жасөспірімдердің біркатар функционалдық көрсеткіштері/Е.Б. Халилин, А.С. Сармантаев, С.К. Бейсенбаев, З.Ә. Әбдірахманов// Қарағанды университетінің

хабаршысы. Педагогика сер.= Карағанды мемлекеттік университеті хабаршысы. Сер. педагогика. – 2010. - №2 – С. 115-119б.

33 Бердіқұлов С. Жұмыр жерде теңбіл доп: футбол чемпионаттары жайлы хикая; Лондон және Мехико/Бердіқұлов С. – Алматы: Жазушы, 1972. – 151 б.

34 Бөдеев М.Т. Спорт ойындары: оқу-әдістемелік құрал/ М.Т. Бөдеев, Н.Р. Рамашов; Қарағанды мемлекеттік университеті хабаршысы. – Қарағанды: ҚарМУ басп., 2010. – 232 б.

35 Вег А. 90 минут: художественная лит-ра /Вег А. – М.: Физкультура и спорт, 1991 – 320 с.

36 Горанский И.В. Жизнь и смерть Манозло ДОС Сантоса Гарринчи: научное издание / Горанский И.В. – М.: Физкультура и спорт, 19887 – 158 с.

37 Ролан Т. Футбол. Все легендарные клубы мира: научное издание / Т. Ролан; пер. с фр. Ю.И. Жукова. – М.: АСТ: Астрель, 2005. – 191 с.: ил.

38 Савин А.В. Мировой футбол: Кто есть кто: полная энциклопедия/ А.В. Савин. - -е изд., испр. и доп. – М.: Эксмо, 2009. – 179 с.

39 Сейдахметтің футбол әлемі: научное здание. – Алматы: Атамұра, 2000. – 256 б.

40 Тайжанов С. Дене тәрбиесі: 11-сыныпқа арналған байқау оқулығы / Тайжанов С. – Алматы: Жазушы, 2002. – 111б.

41 Футбол. Правила игры. Июль 2003 г. / Междунар. Федерация футбольных ассоциаций; общ. ред. В. Радионов. – М.: Terra – Спорт, 2004. – 71 с.

42 Якушин М.И. Вечная тайна футбола: научное издание / Якушин М.И. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 224 с.

Репозиторий КарГУ